УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

# Ясауи университеті

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№15 (423) 30 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ

## Кітапхана - білім мен парасат ордасы

1997 жылдан бері бізде бүкіл кітап қоры ашық түрде орналасқан, әр сала бойынша оқу залында тұр. **3-бетте**



## ХҚТУ «жайдарман-шылары» - Астанада

Жайдарман ойындары арқылы шығармашылығын шыңдаған Бекұлан бүгінде оқу ордамыздың қызметкеріне айналып отыр. **2-бетте**



## Қайта оралмшы, балалық шағым...

Адамдар есейген сайын тек жақсылықты емес, жамандықты да ойлайды екен. **8-бетте**



## ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

**ӘЛЕМГЕ БЕЛГІСІЗ «ҚАЗАҚ ГЕНІ» ТАБЫЛДЫ**

Біздің мамандардың айтуынша, бұл әдеттегі антиген және ешқандай ауруға әсер етпейді. Бірақ трансплантация кезінде оны мұқият зерттеу керек. 2-бетте

**ЯСАУИ МҰРАСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ**

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енген асыл жауһарлардың бірі. Ежелден әркениет ошағы болған киелі мекен ұлы тұлғаның арқасында әлемге танылды. 2-бетте

**БІЛІМ МЕН ПАРАСАТ ОРДАСЫ**

2015 оқу жылында көптен күткен жаңалық болды. Міне, осы отырған төрт қабатты кітапхана ғимараты пайдалануға берілді. Соған байланысты, бұрынғы барлық кітапхана филиалдары жабылып, осы Ғылыми кітапхана өз жұмысын әрі қарай жалғастырып келеді. 3-бетте

**«ХЭЛЛОУИН МЕРЕКЕСІН» ТОЙЛАЙМЫЗ БА?**

Соңғы бірнеше жылдың көлемінде қазанның 31 жұлдызында жастар жағы «Хэллоуин» мейрамын тойлап жүр. Дәстүрімізге жат, болмысымызға сай келмейтін американдықтардың мейрамын неге тойлаймыз?! 5-бетте

**БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «клиника-диагностикалық орталығы» төменде көрсетілген кестеге сай штаттық бос орындарға конкурс жариялайды. Түйіндемелер 2016 жылдың 4-ші қарашасына дейін сағат 18.00-ге дейін қабылданады. 8-бетте

## БҰЛ БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ҒАНА!

Университет кітапханасы төрт қабатты, көлемі 6500 шаршы метрді құрайды. 95 орындық екі конференц-залы, 7 оқу залы, әр этажда студенттер демалып отыратын фойелері бар. Әрбір қабат оқу залдары ретінде бөлімдерге бөлінген. Оқу залдарында арнайы жеке кабинеттер жасақталған, жеке компьютерлер қойылған. Онда білімгерлер өзіне қажетті мәліметтерді интернет арқылы тез тауып ала алады, сканерлейді, қолымен тереді, шығарып ала алады. Жеке кабиналарда әр оқырман кейде дауыстап оқығысы келе ме, сабағына жеке отырып дайындалғысы келе ме, арнайы соған лайықталған.




## 29 ҚАЗАН - ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР! ҚЫМБАТТЫ СТУДЕНТТЕР!**



Сіздерді түп-тамыры бір, тағдыры ортақ бауырлас Түркия елінің Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – Түркия Республикасы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы үшін үлкен мереке! Қазіргі таңда Түркия, биік белестерді бағындырған, әлеуеті зор, елеулі табыстарға қол жеткізген мемлекет. Түрік елінің Қазақстанға қашан да тілеулес көзбен қарайтыны бізді қуантады. Еліміз Тәуелсіздігін әлемге паш еткенде, атажұрттағы ағайынның қуанышын бірге бөлісіп, ресми түрде алғашқы болып мойындаған Түркия Республикасы болатын. Екі елдің достық көпіріне айналған халықаралық қазақ-түрік университеті, қос туыс мемлекеттің ынтымақ пен бірлігінің жемісі. «Елге ел қосылса – құт» дейді дана халқымыз. Татулықты ту еткен екі ел арасындағы ынтымақ-бірлігіміз артып, мемлекеттеріміздің достығы нығая берсін. Бейбітшілік пен кемел болашақ жолында жасап жатқан тірлігімізге береке тілеймін!

**Университет президенті,**
**профессор Уәлихан ӘБДІБЕКОВ**

## 29 EKİM - CUMHURİYET BAYRAMI'MIZ KUTLU OLSUN!

**ÜNIVERSITEMIZIN DEĞERLI PERSONELI VE SEVGILI ÖĞRENCILERIMIZ!**



Bugün Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluşunun 93. Yıldönümü, hepinizin Cumhuriyet Bayramı'nı tebrik ederim.

Anadolu Türkleri, 1914-1918 arasındaki savaşlardan sonra Anadolu'da Mustafa Kemal Atatürk'ün rehberliğinde büyük bir var oluş mücadelesi verdikten sonra bağımsızlıklarını kazanarak Türkiye Cumhuriyeti'ni kurmuşlardır.

Türkler Anadolu'da emperyalistlere karşı bağımsızlık mücadelesi verirken başta Orta Asya Türk Halkları olmak üzere, bütün dünya Müslümanları da Türk bağımsızlık Savaşına destek vermişlerdir.

Temeli akıl ve bilime dayanan, (üniversiteleri, eğitimi, turizmi, endüstrisi, tarım vs.) her alanda gelişmiş bir devlet olan Türkiye Cumhuriyeti, ileri demokrasisi, büyük ve köklü tarihi geçmişi, dünya üzerindeki jeopolitik konumuyla Avrasyanın ve dünyanın yükselen gücüdür. Güçlü ve büyük Türkiye, Türk halklarının İslam coğrafyasının ve hatta dünya mazlumlarının da bütün alanlarda umudu olmuştur.

Türkiye ve Kazakistan, insanlık var olduğu müddetçe yaşasın, her alanda zirvede olsunlar ve Türkiye - Kazakistan dostluğu ebedi olsun.

**Prof. Dr. Mehmet KUTALMIŞ,**
**Rektör Vekili**

## Бұл Сіздің газет!



**Қадірлі оқытушы, студент!**

Біз Сіздер үшін университет тынысымен таныс болсын деп газет шығарып жатырмыз. Енді осы газетке сіздің де араласқаныңызды қалаймыз. Айналаңыздағы дүниеге көз салып, өзіңізді қызықтырар тақырыптар туралы, әріптестеріңіз бен достарыңыз жайлы мақалалар жазып берсеңіз деген тілегіміз бар. Тек ол жазғаныңызды жүздеген оқырманның оқитынын бір сәт те естен шығармағаныңыз жөн. Сол үшін сіз жұрт оқитын ең қызықты материал беруге ұмтылуыңыз керек. Жазғаныңыз ақ парақтың бір бетінен аспағанын қалаймыз.

# АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## ЖАҢА ӘЛЕМДІК ЖҮЙЕ: ЖАҺАНДАНУДЫҢ ЫҚПАЛЫ

**«Әлеуметтік ғылымдар» факультеті «Экономика» кафедрасының профессоры, доктор Нихат Байнар «Жаңа әлемдік жүйе: жаһанданудың ықпалы» атты ғылыми семинар өткізді.**

Семинардың мақсаты – «Әлеуметтік ғылымдар» факультетіндегі академиялық және ғылыми жұмыстарды жандандыру, жетілдіру және жас ғалымдар мен ізденушілерге бағыт-бағдар беру.

Ғылыми-танымдық семинарға Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент, профессор Мұстафа Эрен, Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, профессор Т.Райымбердиев, «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, профессор Мехмет Топлу, оқытушы-профессорлар, студенттер, магистрант-докторанттар қатысты.

Профессор Н.Байнар әлемдік қаржы жүйесі туралы мағлұмат беріп, жаһанданудың жағымды және жағымсыз әсерлеріне қатысты көптеген мысалдар келтірді. Оның ішінде, экономикалық, қаржылық, технологиялық жаһандану туралы айтқан ойлары көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Экономикалық ғаламданудың тиімді-тиімсіз тұстары, дүниежүзілік қаржы нарықтары, қаржы пирамидасы туралы айтты. Қатысушылар өз пікірлерін айтып, сұрақтарына нақты жауаптарын алды.

**Дінмұхамед КЕЛЕСБАЕВ.**

## ХҚТУ «ЖАЙДАРМАНШЫЛАРЫ» - АСТАНАДА

**Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Оңтүстік Қазақстан облысының Астана қаласындағы онкүндігі мәресіне жетті. Аталмыш шараға университетіміздің атынан «ХҚТУ тарифы» жайдарман тобы қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетті.**



Араға 3 жыл салып қайта құрылған «ХҚТУ тарифы» жайдарман тобы биылғы маусымда бірнеше фестивальге қатысып үлгерді. Елордадағы облысымыздың онкүндігінде ерекше көзге түскен өнерпаздарымыз астаналықтардың зор қошеметіне бөленді. Оқу ордамыздың туын Астана төрінде тік ұстаған жайдарманшыларымызды университет түлегі, Мәдениет сарайының КТК жетекшісі Бекұлан Жолдықожаев бастап барды. Жайдарман ойындары арқылы шығармашылығын шыңдаған Бекұлан бүгінде оқу ордамыздың қызметкеріне айналып отыр.

Жастардың басын қосқан, достықтың ордасына айналған жайдарман ойындары университетімізде де қарқынды дамуда. Оқу ордамыздың өнерпаздарынан құралған «ХҚТУ тарифы» жайдарман тобына сеніммен қарап, алар асулары көп болсын дейміз.

***Жібек ИСМАЙЛОВА,***
***1-курс студенті***

**Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен ЮНЕСКО тарапынан 2016 жыл - «Ясауи жылы» деп жарияланауына орай, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы Ясауи бабамыздың өмір жолы мен қызметін зерттеу және түркі даласына қалдырған рухани мұрасын насихаттау мақсатында «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.**

## ЯСАУИ МҰРАСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ



Ғылыми шараны «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы мен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұйымдастырды. Конференцияға елімізден және шетелдерден тарих, филология, философия, шығыстану, мәдениеттану салаларының ғалымдары мен ясауитанушылар, тарихи-мәдени мұраларды қорғау мамандары, қорық және тарихи-өлкетану мұражайлары және ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының қызметкерлері қатысты.

Ғылыми жиын модераторы – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының директоры Әубәкір Жандос Мағазбекұлы.

Пленарлық мәжілісте Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, философия-теология ғылымдарының докторы Д.Кенжетай, британдық ясауитанушы, ғалым, зерттеуші Джонатан Трапман (Англия), Бұқара Мемлекеттік университетінің профессоры С.Иноятов (Өзбекстан), Наманган Мемлекеттік университетінің доценті З.Искакова, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты «Тіл тарихы және түркітану» бөлімінің бас ғылыми қызметкері, профессор Б.Әбілқасымов, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторы Ғ.Қамбарбекова баяндама жасады.

Ұлыбританиядан келген ғалым Джонатан Трапман «Қожа Ахмет Ясауи және өмір факультеті» деген ғылыми еңбегінде: «Қожа Ахмет .Ясауи туралы көп зерттедім. Соның арқасында Ясауи рухын терең түсіндім. Хикметтерін оқыған сайын, құлағымыз бен жүрегімізге сәулесін шашатын ерекше әсері барын ұқтым. Бұл хикметтердің өмірде де қолданысқа ие екендігін білдім, қатты таңғалдым» - деп, әулиеге ғашықтығын және Аллаһ туралы өз ойларын айтты. Сондай-ақ, профессор Дж.Трапманның Қ.А.Ясауидің 150 хикметін алғаш рет ағылшын тіліне аударып, кітап етіп шығарғаны көпшілікті сүйсінтті.

Конференция жұмысы 5 секция бойынша өтті: 1.«Қожа Ахмет Ясауи мұрасы және Түркі Ислам өркениеті» (дүниетаным, рухани сабақтастық, мемлекетшілдік мәселелері; 2.«Қожа Ахмет Ясауи мұрасы: оның бүгінгі күнгі өзектілігі (қолжазбатану, тіл білімі, әдебиеттану, тарих, әлеуметтану, саясаттану мәселелері); 3.«Мұражайлардың рухани құндылықтарды жаңғыртудағы орны» (мұражай ісі, экспозиция, қор сақтау, реставрация мәселелері); 4.«Тәуелсіздік және мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктер»; 5.«Археологиялық және этнографиялық экспедициялар материалдары мен жетістіктері».

Шара аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайында «Түркістан тарихи мұражайының», «Ақиқат жолын үлгі еткен Даналар мұрасы» көрмесінің ашылуы өтті. Сонымен қатар, «Ясауи мұрасы» газетінің алғашқы саны жарық көрді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКОның әлемдік мұралар тізіміне енген асыл жауһарлардың бірі. Ежелден өркениет ошағы болған киелі мекен ұлы тұлғаның арқасында әлемге танылды. «Диуани хикмет» шығармасы ғасырлар бойы ел арасында кеңінен таралды және қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы Ясауи мұрасының негізінде қалыптасты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Егер қазақтардың рухани тарихын жазатын болса, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруі тиіс» деп ерекше атап көрсетіп, рухани тұлғаның біздер үшін алатын орнын айшықтап берді.

Конференцияның секциялық жұмстарында Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихы мен әлемдік өркениеттегі орнын, зерттелу мәселелерін, өмірі мен шығармашылығын зерделеуге, сондай-ақ, отандық мұражай саласындағы кейбір мәселелері сарапталып, талданды. Конференция соңында Ясауи мұраларының зерттелуіне сүбелі үлес қосып жүрген ғалым, зерттеушілерге сертификаттар тапсырылды. Қомақты екі томдық конференция жинақтары барша қонақтарға үлестірілді.

### ҒАЛЫМДАР: КОМПЬЮТЕР ПЕРНЕТАҚТАСЫ - БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ҰЯСЫ

АСТАНА. ҚазАқпарат. Компьютер пернетақтасы унитаз жиегіне қарағанда лас екенін британиялық ғалымдар дәлелдеді. Пернетақтада унитазға қарағанда бактериялар 20 мың есе көп. Ал тінтуірдегі бактериялар көлемі унитаздағы шаюға арналған тетіктен 45 мың есе көп.

Анықталған бактериялардың ішінен бациллалар, грамоң кокктар, грамоң таяқшалары мен грамтеріс таяқшалары анықталды. Соңғы екеуі астан улануға әкеледі.

Ал тінтуірдің үстіңгі жағында бактериялардың төрт түрі де бар екені дәлелденді, деп хабарлады MED daily.

## АҚША БАР...

**Осыдан 20 жылданан аса уақыт бұрын Норвегия мұнай өндірісінің кірісінен арнайы резервтік қор жинай бастаған.**

2016 жылдың қыркүйек айында ол қордың қаржысы 882 миллиард долларға жеткен, елдің ВВП (ЖІӨ) екі еседен асып кеткен деген мағлұматты «The Economist» журналы жариялады. Бұл мұнай (зейнеткерлік) қоры 1990 жылы болашақ ұрпақ үшін тұрақтандыру резервтік қоры ретінде құрылған болатын. Қазір:

1.Мемлекеттің кез-келген азаматы тікелей инвестициялар ағымын онлайн режимінде бақылай алады

2.Үкімет жылдық кірістің 4% артық жұмсауға құқы жоқ, ал негізгі капиталға қол сұғылмайды.

Біреулері дәл қазіргі кезде аталмыш қор бар жоғы 5,5% жылдық кіріс кіргізіп тұрған қаржыны түрлі кәсіпорындарға белсендірек инвестициялау керек десе, басқалары дамушы мемлекеттердің экономикасына салуды ұсынып отыр.

## ЖАҢАРҒАН «ТҮРКІСТАН ТАРИХЫ»

**Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «25 жылдыққа – 25 шара» жоспарын бекіткен болатын.**

Жыл басынан Жұма мешіті музейі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі асхана, құдықхана бөлмелері музейлендіріліп келушілерге қызмет жасауда. «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында «Түркістан тарихы» музейі есігін айқара ашты. Қайта түлеген музей экспозициясы келушілерге Түркістанның тарихынан тың ақпарат берері сөзсіз. «Түркістан тарихы» музейінің экспозициясы өткен сегіз айда жүргізілген реэкспозициялық жаңғырту, толықтыру, ескі экспозициялық қойылымдарды мүлде жаңа шешімде қайта құру жұмыстары нәтижесінде 60 пайызға жаңартылды. Музейдің ашылу салтанатына конференция жұмысына қатысушылар, қала әкімінің кеңесшісі Ж.Ибрагимов, қалалық музей өкілдері мен басшылары, музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

**«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі.**

## ӘЛЕМГЕ БЕЛГІСІЗ «ҚАЗАҚ ГЕНІ» ТАБЫЛДЫ

**Астана қаласындағы трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығындағы HLA-зертханасының мамандары әлемге белгісіз қазақ ұлтына ғана тән антигенді тапқан.**

Қазақ популяциясының жаңа тұқымы халықаралық деректер қорында тіркелді, деп хабарлайды Baq.kz тілшісі.

«Зертханада донор мен реципиенттің қанын зерттеу арқылы олардың сәйкестігін тексереміз. Осындай тексеру барысында қазақ пациентінің қанынан жаңа лейкоцитарлық геннің түрін анықтадық. Бұл әлемдегі біздің ашқан жаңалығымыз болды. Дүниежүзінде еш жерде табылмаған ген Қазақстанда табылып жатыр», - деп мәлімдеді трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының тіндерді иммунологиялық типтеу зертханасының меңгерушісі Аида Тұрғанбекова.

Маманның сөзінше, әлемде қазақтардың қанына ешкім осындай зерттеу жүргізген емес.

«Біздің өзімізге тән жаңа антиген табылып жатыр. Себебі ешкім қазақтың лейкоцетарлық антигенін зерттеген жоқ. Біз бірінші болып осыны қолға алдық. Сондықтан осындай жаңа гендердің анықталуы әлі де жалғасады деп ойлаймын», - дейді трансфузиолог.

Жалпы, қазіргі таңда әлемде 150 миллионға жуық антиген анықталған екен. Қазақтан табылған антиген Германияға жіберіліп, оған «DQB1*03:82» атауы берілді. Осылайша, қазақ популяциясының жаңа тұқымы халықаралық деректер қорында тіркелді.

Біздің мамандардың айтуынша, бұл әдеттегі антиген және ешқандай ауруға әсер етпейді. Бірақ трансплантация кезінде оны мұқият зерттеу керек.

«Лейкоциттерде арнайы антиген болады, ол адам мүшелерін ауыстырған кезде оны қабылдамауы мүмкін. Сондықтан осындай жағдай болмауы үшін донор мен реципиенттің осы гендерінің сәйкестігін қараймыз. Сонда ғана трансплантация жүргізіледі», - дейді зертхана меңгерушісі.

Айта кетейік, Астана қаласындағы трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығындағы HLA-зертханасы 2011 жылы ашылған. Бұл зертханасыз ағзалар трансплантациялау мүмкін емес. 2011-2015 жылдар аралығында 536 операция жасалған.

Дереккөз: Baq.kz

## СЫР-СҰХБАТ

***Университетіміздің 25 жылдығына байланысты, оқу ордамызда көптеген игі іс-шаралардың атқарылып жатқаны белгілі.Олардың барлығы да осында еңбек ететін оқытушы-профессорлардың, қызметкерлердің, білімгерлердің көз алдында жылдар бойы бейнелентадай өтіп жатыр. Міне, ширек ғасыр уақыт та болыпты, оқу ордамызға - 25 жыл. Уақыт көшімен ілесіп, келген жаңалықтар мен орныққан жақсы істердің жөн-жобасымен оқырманды тереңірек таныстыру, білім ұясындағы ғылым-білімге қатысты мәселелердің қыр-сырын анықтау үшін «Сыр-сұхбет» айдарын ашып отырмыз. Алғашқы сапар өткен оқу жылы ғана дүниеге келіп, баршаның қуанышына айналған Ғылыми кітапханадан басталмақ.***

**Ахмет Ясауи атындағы төрт қабатты зәулім кітапханаға кіріп келгенде, қабырғаның оң жағына жазылған осы мақала тақырыбы болып отырған сөз алдынан шығады. Шындығында, Мұхаммед пайғамбарымыздың айтып кеткен осы сияқты «Бесіктен қабірге дейін білім ізде» деген ұлағатты сөзінің ұрпақ дамуы мен жетілуінде, өсіп-өркендеуінде, көгеріп-көктеуінде терең мәні барлығы белгілі. Университеттің бүгінгі таңдағы жетістіктері, шәкірттерінің білімді жаңа технология бойынша игерудегі белсенділігі, бітіруші түлектерінің еліміздің экономикалық дамуына қосып жатқан үлесі, оқытушы-профессорлардың уақытпен санаспай бойындағы бар білімі мен білігін ұрпақ бойына дарытуы, оқу корпустарының, жатақхана, асханаларының соңғы еуроүлгіде салынып, шәкірттердің күнделікті өмірінің қуаныш пен шаттыққа толып гүл-гүл жайнауы, оқу орнының көк күмбезі «мен мұндалап» қалаға көрік беріп, салтанатымен көзге шалынуы, жиі егілген қайың-қарағай мен шырша-аршалардың бойын тігіп, қалалық, жинақылық тұрпат танытуы, осы көріністің бәрі де киелі қала халқына қуаныш пен бақыт сыйлауы-өз алдына бөлек әңгіме. Бой көтергеніне әлі үш жылдың жүзі болмаған, осынау киелі қала сәулетіне сәулет қосып тұрған университеттің Ғылыми кітапханасының директоры Ақмеруерт Әбсадыққызы ӘБСЕМЕТОВАМЕН сұхбатымыз осы жайында болмақ.**

# КІТАПХАНА – БІЛІМ МЕН ПАРАСАТ ОРДАСЫ




**Ақмеруерт Әбсадыққызы, әңгімені кітапхананың тарихынан бастасаңыз?**

Алғашында 1991 жылы университет ашылған кезде студенттеріміз үшін Қазыбек би ғимаратында Орталық кітапхана болып, 7000 кітап қорымен қабылданды. Сонымен қатар, 1992 жылы Заң факультеті ғимаратынан шағын кітапхана ашылды. 1996 жылы Шығыс үлгісінде арнайы жеке-жеке салынған қыздар және ерлер жатақханасынан оқу залдары ашылды. 1997 жылдан бері бізде бүкіл кітап қоры ашық түрде орналасқан, әр сала бойынша оқу залында тұр. Келген оқырман қажетті материалды қиналмай тауып оқи береді. 1999 жылы жаңадан пайдалануға берілген Мәдениет Орталығының екінші қабатына көшіріліп, шағын кітапханалар біріктіріліп, төрт филиалдан тұратын Орталық кітапхана осыған дейін жұмыс жүргізді.

2015 оқу жылында көптен күткен жаңалық болды. Міне, осы отырған төрт қабатты кітапхана ғимараты пайдалануға берілді. Соған байланысты, бұрынғы барлық кітапхана филиалдары жабылып, осы Ғылыми кітапхана өз жұмысын әрі қарай жалғастырып келеді.

**Иә, керемет, студенттер мен оқытушы-профессорлар үшін бұдан артық қандай жағдай жасауға болады? Енді осы Ғылыми кітапхананың көлемі, аумағы, оқу залдары жөнінде мәлімет берсеңіз?**

Түркістанның тарихында болмаған, тек Алматы қаласындағы Абай атындағы Ұлттық кітапханадан басқа, тіпті республика көлемінде көлемі, құрылысы, архитектурасы, дизайны жағынан кездеспейтін осындай алып ғимараттан тұратын үлкен кітапхананың өмірге келуі, болашақ жастар үшін жасалып отырған жағдай екені белгілі. Халықаралық қазақ-түрік университеті болғандықтан, екі елдің де басшыларының қолдауымен дүниеге келген кітапхана құрылысына басымдылық танытқан түрік бауырларымызға түркістандықтар, студенттер қауымы, оқытушы-профессорлар құрамы дән риза болды.

Оқу орнының қандай екендігі, оның кітапханасынан көрінеді. Ұлы бабамыздың атындағы әлемге әйгілі Халықаралық университет болғандықтан, кітапхананың жоспар-сметасы 2012 жылдың қыркүйек айында Түркия тарапынан жасалып, 2016 жылдың қаңтар айында, 1млрд 245млн 500мың қаражат шығындап, құрылысын 3 жылда бітіріп, түрік бауырларымыздың түркі дүниесі жастарына жасаған үлкен сыйы болды.

Ғимарат көріп отырғаныңыздай, төрт қабатты, көлемі 6500 шаршы метрді құрайды. 95 орындық екі конференц-залы, 7 оқу залы, әр этажда студенттер демалып отыратын фойелер бар. Әрбір қабат оқу залдары ретінде бөлімдерге бөлінген. Оқу залдарында арнайы жеке кабинеттер жасалған, жеке компьютерлер қойылған. Онда білімгерлер өзіне қажетті мәліметтерді интернет арқылы тез тауып ала алады, сканерлейді, қолымен тереді, шығарып ала алады. Жеке кабиналарда әр оқырман кейде дауыстап оқығысы келе ме, сабағына жеке отырып дайындалғысы келе ме, арнайы соған лайықталған.

1-қабатта «Медицина» бөлімі. Онда тек медицина саласына қатысты кітаптар мен оқулықтар, ғылыми-көпшілік материалдар жинақталған. «Медицина» залына да оқырмандардың жеке жұмыстары үшін 4 кабина, 12 компьютер қойылған.

2-қабатта «Жалпы бөлімнің» оқу залы. Онда жаратылыстану, тілтану, гуманитарлық ғылымдар саласына қатысты кітаптар қойылған.

3-қабатта «Әдебиет, тарих және Р.Бердібай атындағы, ғылыми әдебиеттер бөлімі, электронды оқу залдары» орналасқан.

4-қабатта «Мерзімді басылымдар» бөлімі. Онда күнделікті баспасөз материалдары, газет-журналдар, яғни бұқаралық-ақпарат құралдары арқылы қажет болған материалдарды әрбір оқырман қиналмай қол жеткізе алатын жағдайлар жасалған. Қай уақытта келсе де студент-оқырмандардың уақтылы тамақтануы үшін қызмет жасайтын кафетерий осы қабатта орналасқан. Осы 4 қабаттан «Түркістан панорамасы» көрінеді.

Жер төлімінде (подвал) төрт (медицина, жаратылыстану, әдебиет және тілтану, газет-журналдар) қоймасы орналасқан. Онда негізінен барлық кітап қоры сақталады, сұранысқа ие болған, қажетті материалдарды сол жерден тауып береді.

**Кезінде Әл-Фараби университетінде оқып жүріп, Абай атындағы ұлттық кітапханадан шықпайтынбыз. Әр кіргенде жан-дүниеміз рухани байып, ғимараттың әсемдігінен, кітап қорының көптігінен, кітапхана қызметкерлерінің қарапайым, кішіпейіл, мәдениетті қызметінен, «іздегенің тауып берсем екен» деген мейірімінен, бейне бір шетелде жүргендей, бойымызға нәр алатынбыз, өзімізді бақытты сезінетінбіз. Сіздерде де осы құбылыс сезілетін шығар, кітапханадан шықпайтын, білімге ұмтылған белсенді студенттер көп пе? Безендірілуі қалай болып жатыр?**

Кітапханада барлық жағдай жасалынған. Қыста жылы, жазда салқын. Күніне шамамен 2,5 мың оқырманға қызмет көрсетіледі. Тегін интернет, тегін вай-фай. Таңғы сағат 9-дан кешкі 8-ге дейін кітапханадан шықпайтын студенттер бар. Кафеден тамақтанады. Оқырмандар үшін кітапханада 34 қызметкер, 4 бағдарламамамен қамтамасыз етуші (программист) қызмет етеді.

Кітапхананы безендіру ісінде, университет басшылығы көп көмегін тигізді. Сонымен қатар, Өнер факультеті Дизайн кафедрасы білімгерлері 2015-2016 оқу жылында майлы бояумен салынған табиғат көріністерін, ұлттық нақышта жасалған суреттерін, жалпы 13 туындыларын сыйға тартты. Сонымен қатар, Түркияның атақты суретшісі Гувен Ибраһим Мустафа Вуслат Ноян «Эвру» әдісі бойынша, (суда салынған сурет) оншақты туындысын сыйлады. Олардың бәрін фойелерге іліп қойдық.

**Жаңа кітапхананың ашылуымен жаңа жүйеге көшіпсіздер, соның бірі - «электронды белгі» жайында түсіндіріп өтсеңіз?**

Иә, бізде 2015 жылдан бастап, «Кітап сақтандыру жүйесі» (RFD) орнатылған. Кітап қауіпсіздігін сақтау және оқырмандарды соңғы жүйемен тіркеу мақсатында, әр кітапқа «электронды белгі» соғылады. Мысалы, оқырман кітап алу үшін тіркеуге алынады, базаға енгізіледі, қолына электронды карта беріледі,сол бойынша абонементтен кітап алуға болады, немесе терминалға тіркеліп, карта алады, терминалға картаны қойғанда аты-жөні шығады, таблодағы «аламын» деген нүктені басады, алған кітабыңыз автоматты түрде базаңызға түсіп тұрады, кейде терминалға 5 кітапқа дейін қоюға болады, қайта өткізерде «өткізу» деген нүктені басасыз, автоматты түрде сізден алынады. Егер оқырмандар залынан ешқандай белгісіз алып кетсеңіз, дабыл қағылып, есіктен шығармайды. «Электронды белгінің» ерекшелігі де осында, кітап қауіпсіздігі сақталады. Бұл айтқанда ұзақ көрінгенмен, іс жүзінде жылдам атқарылады, яғни дамыған елдерде бұрыннан бар процесс. Біздің елдің ЖОО, әсіресе Н.Назарбаев университетінде, әл-Фараби атындағы тағы басқа университет кітапханаларында қалыптасқан.

1997 жылы бауырлас Түркия еліне іс-сапармен барғанымда осы әдіс пен «ашық кітап көрмесі» жүйесін әкелдім. Бұрын оқырман тек қажетті кітаптарды ғана алумен шектелсе, қазір кітапханашы көмегімен немесе оқырманның өзі қосымша ретінде көптеген кітаптарды ала алады. Бұның өзіндік жұмысқа да пайдасы зор.

**Жаңа үлгімен салынған, осынау үлкен кітапханада жұмыс атқару процесі бірнеше бөлімнен тұратын шығар?**

Әрине, оқырман келгенде тап-таза, дап-дайын боп тұратын кітаптар, оған дейін бірнеше сатылар мен сараптаулардан өтетіні белгілі. Соған байланысты, бізде «Кітапты жіктеу және сараптау» бөлімі бар. Оның міндеті – келген кітапты қабылдап алу, сала бойынша жіктеу (квалификациялау), техникалық өңдеуден өткізіп, «ИРБИС» бағдарламасы бойынша, электронды каталогқа сала бойынша енгізеді де, оқу залына жіберіп отырады. Кітапхана реестріне енгізіп, инвентарь нөмірін береді. Сосын әр кітапқа екі тіркеу кағазы (карточка) (біреуі-алфавит бойынша, біреуі-жүйелік-сала бойынша) жазылады.

«Кітап қорына штрих-код енгізу» бөлімінің міндеті – күні бойғы рәсімдеуден өткен кітаптар, осы бөлімге келгенде, электронды белгілер соғылады, базаға енгізілгеннен кейін оқу залдарына сала бойынша жіберіледі.

«Кітап қорын сақтау» бөлімінде оқырман талап-тілегін қанағаттандыру үшін оқу залынан табылмаған кітаптарды қоймалардан тауып беру мәселесі қарастырылады.

«Автоматтандыру» бөлімі – кітапхана жұмысын бүгінгі озық технологияға сай, жылдамдату процестерімен, сканерлеумен, репозиттеумен, ЖОО аралық (РМЭБ бойынша) электронды кітапханалармен байланыс жасайды, Ұлттық Академиялық электронды кітапхана (КазНЭБ) базасымен ұлы тұлғалардың шығармаларына қатысты тарихи, ғылыми-көпшілік кітаптарды алмасып отырады. Авторлардан рұқсат алып, олардың кітаптарын сканерлеп, PDF форматта жібереміз.Мысалы, Р.Бердібайдың, Қ.Ералиннің кітаптарын жібердік. (Өкінішке орай, біздің оқу орнымызда республикамызға танымал ұлы тұлғалар өте аз)

**«Р.Бердібай атындағы Түркология оқу залы» қалай жасақталды?**

Халқымыздың мақтанышы, Рахманқұл Бердібайдың халқымызға, түркологияға сіңірген еңбегі зор. Ғалым-жазушының жанұясы автордың өзі жазған және жинаған 3 мыңдай жеке кітаптарын, каталог жәшіктерін, жұмыс столы мен орындығын осы кітапханаға сыйға тартты. Біздер қуана отырып, «Кемел ойлы кемеңгердің жастарға тартуы» деген тақырыппен жерлес, ғалым ағамыздың мұраларын классификация жасап, алфавит тәртібімен ретке келтіріп, оқырмандардың пайдалануына мүмкіндік жасап қойдық.

Осы залда сол сияқты 500ге тарта «ескі басылымды кітаптар» бар. Әбден ескірген, тозған, бірақ бұлар-тарих, сол замандардың тарихы. Мысалы, мынау «Туркестанский край 1882-1887» деп аталатын кітап, мынау «Туркестань (география и история края) деп аталатын 1914 жылы шыққан кітап. Болашақ ғылыммен айналысатын жастар үшін бұлардың маңызы зор. Сондықтан біз бұларды «күн өтпесін, жел жыртпасын, су тимесін, ұрпағымызға аманат болсын» деп, көзіміздің қарашығындай сақтауға тырысамыз.

**Жаңа кітаптардың кітапханаға түсіп, молығуы туралы мәліметті (факультет, кафедра, студенттер) қалай аласыз?**

Бұл жағына біз қатты мән береміз. Жаңа кітаптың түсуіне байланысты, кітапханада көрме ұйымдастырылады. Ол бір ай тұрады. Кез-келген мамандыққа, мысалы медицинаға байланысты жаңа кітаптарға библиографиялық шолу жасап, факультет оқытушы-профессорларын таныстырамыз. Оны факультет күні деймiз. Жаңа кітаптардың түскендігі туралы мәліметтерді факультет деканадарының сайттарына жіберіп отырамыз.

**«Бір ел – бір кітап» аясында былтырғы оқу жылында жазушы «І.Есенберлиннің шығармашылығына» байланысты іс-шараларыңызға қатысып едім, биылғы оқу жылында қандай ұлы тұлғаның шығармашылығымен таныстырасыздар?**

Бұл министрлік тарапынан, республика көлемінде ұйымдастырылған іс-шара. Ұлт рухын ояту мақсатында, бірнеше жылдан бері жыл сайын өткізіліп отырады. Биыл Дулат Бабатайұлының шығармашылығына байланысты небір керемет іс-шаралар өткізіледі. Біздің кітапхана ұжымы да жылдың соңына дейін арнайы бір күнді белгілеп, оқырмандарымызды шақырып, оқырмандар конференциясын, немесе ақын шығармашылығына байланысты, әдебисазды кеш өткізсек деп отырмыз. Осының бәрі де кітапхана мен оқырманның тығыз байланыста болуына, жастардың кітап оқуға деген құлшынысы артуына, ұлы тұлғаларды танып, олардың шығармашылығымен жақсы таныс болуына, келешек ұрпағымыздың рухани жағынан байып, ұлт болашағын сезініп өсуіне байланысты ойластырылған іс-шаралар болып табылады. Соған байланысты, әрбір даталы күндерге кітапхана қызметкерлері белсене араласамыз, түрлі іс-шараларды уақтылы өткізіп отырамыз, кітап көрмелерін жиі ұйымдастырамыз.

**PS:** ***Иә, сұхбат барысында, сүп-сүйкімді, әп-әдемі, жып-жинақы, осынау бір қазақ қызының қызметіне адалдығы, кітапханашы мамандығын бар жүрегімен сүйетіндігі, нәтижесінде бір жерде неше жылдан бері басшылық қызметін байсалдылықпен алып келе жатқандығы, осы түркі дүниесіне ортақ Ғылыми кітапхананың көркеюі үшін әлі де талай істерді тындырып, жаңалықтарды енгізісі келетіндігі аңғарылды.***

***Кейіпкеріміздің еш қағазға, мәліметтерге үңілмей, шынайы жүрекпен берген мәліметінен көп нәрсеге қаныктық. Меруерт ханымның еңбегіне сәттілік тіледік!***

**Сұхбаттасқан:**
**Балтагүл ОСПАНОВА,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

## ЯСАУИ ЖЫЛЫ

## ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ ГАЗЕТІМІЗГЕ СҰХБАТ БЕРДІ

**Университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор Мұса Йылдыз Филология факультетінің жас журналистерімен жүздесіп сұхбат берді.**

Кездесу барысында Әзірет Қожа Ахметтің Қазақстанда, әрі түркі әлемінде кеңірек насихатталуы барысындағы кемшіліктер қолға алынып, даналық ойлары мен хикметтерінің жастарға кең танытылуы мақсатында атқарылатын жобалар жайында баяндады. Сондай-ақ мемлекетіміздің тәуелсіздігімен тура келген университетіміздің төл мерекесі аясында алдағы уақытта өтілетін мерекелер, атқарылатын іс-шараларға да айрықша тоқталып өтті.

«2016 жыл А.Ясауидың дүниеден озғанына 850 жыл. Біз университетіміздің тарапынан Түркиядағы ЮНЕСКО комитетіне осы жылды Ясауи жылы болып аталуын ұсынған болатынбыз. 2015 жылдың желтоқсан айында Парижде өткен жиылыста әлемнің 195 мемлекеті бір ауыздан қолдап осы жылды Ясауи жылы болып тағайындалды. Сол тарихи сәттен бастап біз біршама істер жоспарлаған болатынбыз, нақты айтсақ 250-ден астам іс-шаралар өтіледі деп жоспарланған. Алғашқы іс-шарамызды 12 қаңтарда «Диуани Хикмет» түсіндірмелері атауында классикаға сәйкес конференция стилінде жасадық. Осы шарамызға алғашқы баяндамасы Ибрахим Калым болатын. А.Ясауи бабамыздың есімін ауызға алсақ есімізге бірден келетіні «Диуани Хикмет» атты жауһар кітап екені даусыз. Сол себепті біз университетіміздің атынан А.Ясауи шығармашылығына арналған кітап басып шығардық. Бұл кітапта бүкіл хикметтер топтастырылған»- деген жаңалығын да айта өтті. Сөзінің соңында А.Ясауидың 850 жылдығымен және университетіміздің 25 жылдығымен құттықтай отырып оқытушылар мен студенттерге зор табыс тілеп сұхбатын аяқтады. Сұхбаттан соң жиылғандар Мұса Йылдызды ортаға алып естелікке суретке түсті.

**Мақпал ШАДАЕВА, Ажар ЖҰМАҒҰЛ, 2-курс студенттері**

**Биыл Қожа Ахмет Ясауидің дүниеден озғанына 850 жыл толуы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтіп жатқаны белгілі. Осы тұрғыда жүргізіліп жатқан және алдағы уақытта атқарылар игі жұмыстар жайында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің төрағасы, профессор Мұса ЙЫЛДЫЗБЕН сұхбат жасаған болатынбыз.**

# ЯСАУИ ІЛІМІ ТҮРКИЯДА НАСИХАТТАЛУДА



**- Түркістаннан Түркияға, Түркиядан Балқан аймағына Ислам дінінің жайылуына тікелей себепкер болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың 2016 жылы Ясауи жылы деп жарияланды. Осы тұрғыда университетімізде қандай іс-шаралар атқаруда?**

- 2015 жылдың желтоқсан айында Парижде өткен жиналыста әлемнің 195 мемлекеті бір ауыздан қолдап осы жылды Ясауи жылы болып жарияланды. Сол тарихи сәттен бастап біз біршама істер жоспарлаған болатынбыз. Нақты айтсақ 250-ден астам іс-шаралар өтіледі деп жоспарладық. Алғашқы іс-шарамызды 12 қаңтардан бастап Қожа Ахмет Ясауи және оның шығармалары мен хикметтерінің жұртшылыққа кең таратылу әрі түсіндірілу мақсатында алдағы сұхбаттар өткізуді ай сайын жүйелі түрде ұйымдастыруды бастаған болатынбыз. Бұл іс-шаралардың атауын сұхбат деп белгіледік. Өйткені Ясауи бабамыздың сол дәуірде өткізген діни ағартушылық сұхбаттарына еліктей отырып Ясауи жолында жүруді мақсат тұтқан болатынбыз. Сұхбаттың алғашқы шымылдығын баяндамашы ретінде Түркия президентінің баспасөз хатшысы және университеміздің өкілетті кеңес мүшесі профессор доктор Мустафа Калын ашты. Ай сайын жүйелі түрде өткізілуде. Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасының толық нұсқасы түрік және шағатай тілдеріне аударылып «Факир-наме» шығармасын түрік тіліне аударылып оқырмандарға жол тартты. Бұл екі құнды еңбектен тыс парсы тілінде жазылған екі рисалесін түрікшеге аударып қазір басуға дайындау жұмыстары жүргізілуде.

**- Халықаралық деңгейде Ясауи жылы өз деңгейінде аталып жатыр ма?**

- Биыл Қожа Ахмет Ясауидің дүниеден озғанына 850 жыл толды. ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтіп жатқаны белгілі. Осыған орай биыл 8 халықаралық симпозиум өткізіледі деп белгіленген болса, бүгінге дейін оның алтауы жоғары деңгейде өтті. Ендігі уақытта қалған екі іргелі жиынды абыроймен атқару міндеті тұр. 6-7 қазанда Анкарада Түркі елдері тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған үлкен халықаралық басқосу өткізілді. «12-15 қазанда Алматыда тұңғыш рет Ясауи жылына арналған Афро- Еуразиялық халықаралық конференциясы өтті. Бұл өзге жұрттың Ясауиді жан-жақты тани түсуіне мол мүмкіндіктер берді деп ойлаймын. 31 қазанда Әзербайжанда халықаралық семпозиюм өткелі отыр. Ясауи жылына арнап естелік монета шығарылуда.Түркия ПТТ поштасы Ясауи маркасын басып шығарды. Бұл марка тіркелген хаттар әлемнің түкпір-түкпіріне жол тартты.

**- Бұқаралық ақпараттар арқылы қандай насихаттау жұмыстары жүргізілуде?**

- Ясауи туралы әлі күнге дейін ұзақ метражды фильм жоқ. Түркі әлемінде орны толмас кемшілік деп айтар едім. Ясауи бабамызды қазіргі технология әдісімен түсірілген фильм түсіртуді қолға алу жоспарларымыздың бірі. Түркия Республикасының жалғыз мемлекеттік теле арнасы ТРТ мен ТР Дін істер басқармасы бірлесе отырып деректі фильм жасау жобасы талқылануда. Бұған қосы Ясауи жылы аясында екі бөлімнен тұратын театр сценарин жаздырдық. Бұл қойылымды Түркияның театрларында қойылатын болады. Түркістан қаласында осы қойылымды қоямыз деп жоспарлап отырмыз.

**- Жас буынға Ясауи бабамыздың хикметтерін түсіндіру жұмыстары туралы айта кетсеңіз?**

- Түркияда Ахмет Ясауи атауы берілген 76 мектеп бар. Сол мектептердің барлығына Ясауи шығармаларына арналған арнайы кітапханалық бұрыш орналастырдық. Бұл сөрелерге университет баспасынан шығарлыған бірқатар еңбектерді орналастырдық. Түркияда Ясауи шығармаларына қатысты барлық еңбектерді өз қаражатымызға сатып алып аталған мектептерге жібердік. Мектептерге жүйелі түрде Ясауи хикметтері мен шығармаларын түсіндіру және кеңінен насихаттау тұрғысында баяндама жасау үшіне білікті мамандырды жүйелі түрде жіберіп тұрамыз. Кішкентай бүлдіршіндерді де ұмытқан жоқпыз. Ясауи хикаялары атты қызықты мәліметтерді жинақтап ертегі іспеттес етіп шығардық. Түркиядағы мектеп аралық «Ясауи» тақырыбында өлең және шығарма конкурсы ұйымдастырды. Түркия композиторлар арасында Яасауи тақырыбында өлең конкурсы ұйымдастырып 187 қатысушы арасынан алғашқы 7 орынға жүлде тағайындалды.

**- Ясауи хикметтері мен шығармаларын зағип жандарға арнап кітап шығару ісін қолға алғаныңыз игі іс. Тарқатып айтып берсеңіз.**

- «Диуани хикметтің» зағиптар мен есту қабілеттері төмен азаматтар түсіне алатындай етіп дайындалған нұсқасы да басып шығардық. Құлақтары естімейтін азаматтарға Ясауи хикметтері мен шығармаларын аудио таспалар мен саусақпен сезіне отырып оқитын кітаптарды жарыққа шығардық. Басқа да түркі ұлы тұлғаларымыздың еңбектерін зағип және көзі нашар көретін жандарға арнап шығаруды жалғастырамыз.

**- Ясауи атауымен шәкірт ақысын кімдер ала алады?**

Ясауи ілімі ғылыми тұрғыда зерттеліп келеді. Әлі толық ашылмаған қырлары өте көп. Сол себепті білім саласында Ясауи атауымен магистратура дәрежесінде 2 студентке және 3 докторантура студенттеріне шәкіртақы тағайындадық. Шәкірт ақы қайтарымсыз беріледі. Жалғыз шартымыз өз саласында зерттеу тақырыптарының Ясауи хикметтері мен шығармаларымен байланысты болу керек..

**- Әңгімеңізге рахмет. Жобаларыңыз жарқын, жұмыстарыңыз жемісті болсын!**

**Сұхбаттасқан:**
**Ғалымжан ҚУАНЫШБЕКҰЛЫ**

** Қос семинар*

## ЖАҢА ӘЛЕМ ДАМУЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ



**Ахмет Ясауи университетінде «Тұрақты ғылымитехнологиялық даму: трендтер мен технологиялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның «Жаңа әлем дамуындағы ақпараттық технологиялардың рөлі» секциясы өтті.**

Бұл ғылыми басқосу Қазақстан Республикасының 25-жылдығына және ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының 25-жылдығына арналды.

Конференцияны университетіміздің «Инженерия» факультеті мен ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясы ұйымдастырды.

Ғылыми жиынның ашылу салтанатында Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.Райымбердиев, Ұлттық Инженерия Академиясының вице-президенті А.Тулешов құттықтау сөз сөйлеп, секция жұмысына сәттілік тіледі.

Профессор, ХИА академигі А.Тулешов: «Бұл бір-бірімізді тануға, ғалымдар ойларын білуге арналған жақсы шара. Ахмет Ясауи университетінің беделі бүкіл Қазақстанға әйгілі. Университеттің кампустарын аралап, барлық жақсы жағдайлар жасалғанын көріп, оған тағы да көз жеткіздік. Инженерия факультетінің түлектерін бірге жұмыс істеуге, әріптестікке шақырамын» -деп, өз жоспарларымен де бөлісті.

Конференция жұмысы 5 бөлім бойынша жалғасты: 1. «Ғылымда, өндірісте және білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану», 2. «Жаңа ақпараттық технологиялар және қоғамның жаратылыстану-ғылыми дамуы (ақпараттық және есептеу технологиялары)», 3. «Физика-математика ғалымдарының зерттеулері мен тәжірибесіндегі математикалық әдістер және ақпараттық технологиялар», 4.«Маманды кәсіби даярлау жүйесіндегі жаңа технологиялар», 5.«Қазақстан экономикасының технологиялық дамуы».

Осы секция тақырыптары аясында жазылған ғылыми мақалалар «ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының Хабаршысы», «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабарлары» ғылыми журналдарында жарық көретін болады.

**Д.Мыңбаева,**
**Ақпарат орталығы.**

## МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ОРНЫ

**Орталық кітапхананың конференция залында «Мұхтар Әуезовтің түрік әлеміндегі орны» тақырыбында семинар өтті**

Ахмет Ясауи университеті Түркология институты тарапынан ұйымдастырылған «Мұхтар Әуезовтің түрік әлеміндегі орны» атты семинарға І Вице президент Мехмет Куталмыш, І Вице-президент орындасары Мустафа Эрен, Түркология институты директоры Орхан Кылычарслан, Дайындық бөлімі Түрік тілі кафедрасының меңгерушісі Ахмет Кыймазбен қатар университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы мен білімгерлер қатысты. Семинарда Дайындық факультетінің деканы доктор Ахмет Гүнгөр баяндама жасады.

Абайтану ғылымының негізін салушы, іргетасын қалаушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өмірі мен шығармашылығы жайында ой қозғаған Гүнгөр, ұлы ақынның шығармашылық мұрасын зерттеуге бар ғұмырын арнаған ғалымның еңбектеріне талдау жасап, Әуезовтің шығармаларында 30 мыңға жуық сөз қолданылғанын тілге тиек етті. Шығармаларында 19-22 мыңның арасында сөз қолданған әлемнің атақты классиктері У. Шекспир мен А. Пушкиннен де жоғары тұрғанына тоқталды. Хикая, аударма, роман жанрында жазылған еңбектердің авторы Мұхтар Әуезовтің әдеби тұлғасы жайында «шығыстың Шолоховы» немесе «екінші Абай» секілді атаулардың қолданылып жүргенін атап өтті. Сонымен қатар М.Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі заманауи проза жанрының алғашқы өкілі екеніне тоқталды.

Түркияда Мұхтар Әуезов жайында жарияланған ғылыми еңбектері мен аударма жұмыстары жайында әңгіме өрбіткен Гүнгөр, Мұхтар Әуезовтің Түрік әлемі әдебиетіндегі орнына тоқталды. Ұлы жазушының абайтану саласында жарияланбаған, архив сөресінде сақталынып келген материалдарының өзі әлденеше кітап болатыны белгілі болып отырғанын және Әуезов шығармашылығының зерттелмеген тұстарын атап көрсетіп, алдағы уақытта жан-жақты зерттелуі қажеттілігін атап көрсетті.

Семинар соңында тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылды. Баяндамашыға алғыс білдірген І Вице президент Мехмет Куталмыш, Ахмет Гүнгөрге «Алғыс хат» табыс етті.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

АУДИТОРИЯ
Студенттер беті

# Құмар ойыннан сақтанайық!

Құмар ойынының ең бір мәдениетті түріне айналып келе жатқан букмекерлік кеңсе жастардың індетіне айналуда. Арзымаған ақша тігіп соңында мол ақшаға кенеле қалу, жеңіл жолмен түсіп жатқан табысты зор жетістігім деп санау, өскелең ұрпақты тура жолдан тайдыруда. Айталық сіз бір футбол командасына жанкүйер болып сол команданың жеңісі үшін ақша тігіп, сіз ақша салған командаңыз жеңіске жете қалса, ойламаған жерден олжалы бола қаласыз. Содан кейін бұл құмарлық сіздің әдетіңізге айнала түседі. Ешкімнің де қолында сиқырлы таяғы болмаса алтын балығы жоқ, тілеген тілектің барлығы да орындала бермейді. Бүгін бағың жанып бір рет жеңіске жетсең, келесі жолы қолыңдағы барыңнан айырылып зар еңіреп қаласың. Мен өзім де сол студент жастардың бірімін. Менің құрдастарымның арасында әңгіме бөлек. Бірі «Барселона» ұтады деп дабыл қақса, екіншісі «Челси» ұтады деп қызыл кеңірдек болып айтысады. Бұл сырттай ғана жәй бәсеке секілді болып көрінеді. Алайда арасында "Барселонада" төрт коэфицент, бес коэфицент тігілген деп бір-бірімен тілдесіп жатады. Бұл нағыз құмар ойын алаңындағы букмекерлік кеңсенің сөздері. Қалтасындағы нан аламын деп отырған соңғы ақшасын да сол букмекерлік кеңсеге барып құяды. Сонда осылай өзіне тәуелді етіп алған кеңсе, құмар ойындардан қандай айырмашылығы бар? Бұл студент жастардың арасындағы аянышты жағдай. Ал, мектеп жасындағы жас өспірімдер туралы ойланып қарасақ, олардың да жағдайлары мәз емес. Олар да ата-анасынан алған тиын- тебенін сол кеңсеге салатын көрінеді. Ақшаны қызық көріп жүріп қандай пәлеге душар болып жүргенін жастардың көпшілігі біле қоймайды. Бір қарағанда қарапайым спорттағы бір бәсекеге ақша тігіліп жатқандай көрінеді, алайда қандай құмар ойынға еріксіз байланып жтқанын өзі де білмей қалады. Көзге аса үлкен болып көріне бермейтін бұл дерт қазір қоғамды жайлап барады. Бұл мәселеге қоғам болып жұмылып күреспесек, ертеңгі күні бұл дертті асқындырып алуымыз да ғажап емес. Айтқымыз келіп отырғаны бұл сыпайы құмар ойындарынан сақтанайық дегіміз келіп отыр. Букмекерлік кеңсе сізді ақшаңыздан ғана айырып қоймайды психологиялық тұрғыдан да зардабын тигізеді. Сондықтан жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруден аулақ болайық ағайын.

**Өркен МЫРЗАБЕК,**
**2-курс студенті**

## Студент, осы біз қандай халықпыз?..

**Оқытушы сабақ өтіп, әлек болып жатқанда, оған тек алдында отырған студенттер ғана көңіл бөледі. Ал артқы партадағылар не істеп отыр?...**



1.Сөмкесін басына жастап, таңғы тәтті ұйқыны жалғастырады;
2.Телефоннан көз ала алмай, ғаламторда отырады;
3.Құрбысымен сыбырласып, ұстаз: «Тыныштал!» дегенде ғана қаламға жармасады;
4. Ұстаздың айтқанын тындаған болып, өзі осында, қиялы далада отырады;
5.Шашын тарап, алқасын аялап, жүзігін жарқыратып, сырғасын салбыратып, сән қуып отырады;
6.Сабақ үстінде кішкентай «дастарханын» тізесіне жайып, бөлішін, бутербродын жеп, түскі асқа кіріседі.

Міне, бұл сіз бен біз күнделікті байқап, әр сабақта кездестіріп жүрген кейбір қызықтар ғана. Бұдан өзгесін білетін болсаң, маған хат жаз...

**Назгүл САТТАРХАН,**
**1-курс студенті**

# Жас ғалымдар мен ізденушілерге пайдалы семинар

**«Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің конференция залында оқу-әдістемелік істі жөніндегі вице-президент Б.Ахметов «Қазақстанның білім беру жүйесі: артықшылықтары мен кемшіліктері» атты ғылыми семинар өткізді.**

Семинар мақсаты – «Әлеуметтік ғылымдар» факультетіндегі академиялық және ғылыми жұмыстарды жандандыру, жетілдіру және жас ғалымдар мен ізденушілерге бағыт-бағдар беру. Ғылыми-танымдық семинарға Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, профессор Т.Райымбердиев, «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы Мехмет Топлу, оқытушы-профессорлар, студенттер, магистрант-докоранттар қатысты. Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң, «Білім» мемлекеттік бағдарламасы, «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы», «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген. Білім - ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады. Вице-президент Б.Ахметов осындай маңызды мәселелерді тереңінен қозғап, білім жүйесін жан-жақты саралады. Атап айтсақ, аккредитация туралы, білім беру жүйесіндегі терминдер мен анықтамалар, білім беру сапасы, академиялық саясат, білім беру ісін басқару туралы, білім беру жүйесінің құрылымы мен принциптерін, білім беру бағдарламаларын, оқу ресурстары және студенттерді қолдау туралы, профессор-оқытушылар құрамы жайында кеңінен баяндады. Сондай-ақ, Стейкхолдер туралы, (Stakeholder), Европалық коммюнике, Миссия, стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат, Менеджмент және ақпаратты басқару туралы да мол мағлұмат берді. Сонымен қатар, оқу ордамыздағы жетістіктер, оқу үдерісі бойынша тың мағлұматтар төңірегінде баса айтып, пәндер каталогының тиімді қысқартылғанын жеткізді. 5800 пәннен 1728 пәнге дейін азайғанын хабарлады. Семинар тыңдаушылары өз пікірлерін ортаға салып, сұрақтарына нақты жауаптарын алды.

**Дінмұхамед КЕЛЕСБАЕВ.**

# Құлаққап... құлақта жүр тұрақтап



Әдеттегідей таңертең сабаққа келе жатқан бетім. Алдымда кетіп бара жатқан қыз өзімен-өзі сөйлеп барады. Бастапқыда маған бірдеңе дегендей болды. Аңдамай қасына жақындадым. Бақылап қарасам, құлағында құлаққап. Айналадағы адамдармен ісі жоқ. Өзімен-өзі ұялы телефонымен әлде кіммен сөйлесіп барады. Сырттай қараған адамға жағымсыз әсер қалдырады екен. Жаяу жүргінші жолмен өткенде де жолға емес, телефонға үңіліп өтіп жатады. Кейде соның салдарынан жол апаттары орын алып жатады. Қоғамдық көліктерде де жан-жағындағы адамдардың тыныштығын бұзып, телефонмен әңгімелерін айтып жатады. Немесе құлағында құлаққап, үлкен кісіге орын да бермей Қандай пайдасы мен зияндары бар екенін көпшілігіміз біле бермейміз. Осындай жағдайларды ести тұра, ұялы телефондардың зиянды жағын жазуға бел будым.

1.Ұялы телефонның қосылып сәулелендіру деңгейі есту, көру, мидың кейбір бөліктеріне кері әсерін тигізеді.

2.Ғалымдар зерттеп, қызықты қортынды жасады. 10 жылдан астам уақыт ұялы телефонды үзбей пайдаланған адамның миына зиянды заттарды енгізбейтін сүзгіштің қабырғалары беріледі. Болашақта адамды мидың қатерлі ісігіне шалдыруы мүмкін.

3. Шетелдік ғалымдар телефонды көп қолдану адамды Альцгемер мен Паркинсон ауруына шалдықтырады деп шешті.

4.Шетелдік ғалымдар сәленің әсері кейінгі ұрпаққа беріледі деген.

5.Европаның электронды Ғылыми зерттеу институты жүргізген көрсеткіші, телефон арқылы сәуле қабылдау гемоглавин талшықтары кеңейіп кетті.

6.Телефонға тым әуес адам бүйрегінде тас байлауына әкеледі.

Он жыл бойы телефон қолданған адамдарда ми обырының жиілігі арттыратындығын көрсетеді. Жүкті әйелдерге телефонды көп уақыт ұстап жүруге болмайды, себебі бөлініп шыққан зиянды сәулелер кішкентай баланың қалыптасып үлгермеген иммундық жүйесіне зақым келеді.

Құлақтан тастамайтын құлаққаптың да, пайдасынан зияны көп. Құлаққапты жүйелі түрде кию – құлақтың есту қабілетін төмендетеді, қан қысымын көтереді, бас ауруына шалдықтырады. Құлаққапты ұзақ уақыт киген адам байқампаздық қабілетінен айрылады, ашушаң, күйгелек жанға айналады.

Өмірге шынайы көзбен қарап, уақытымызды тиімді пайдалансақ дұрыс болар еді. Денсаулығымыздың өз қолымызда екенін ұмытпайық!

**Айкен ЖАҚЫП,**
**1-курс студенті**

***Студент ой айтады***

# «Хэллоуин мерекесін» тойлаймыз ба?

**Соңғы бірнеше жылдың көлемінде қазанның 31 жұлдызында жастар жағы «Хэллоуин» мейрамын тойлап жүр. Дәстүрімізге жат, болмысымызға сай келмейтін американдықтардың мейрамын неге тойлаймыз?!**



Бет әлпеттеріне түрлі бояулар жағып алып, жын-шайтан кейпіне түсіп көшедегілердің үрейін ұшырып жүргендердің ісін құптамаймын. Кейбір жерлерде көлік доңғалақтарын жағып бұзақылық әрекеттерге барады. Жан-жағындағы адамдардың үрейін ұшырып, бас бұзар әрекеттерге баратын желіккен жастарға хэллоуин таптырмас мүмкіндік болып отыр. Дінімізге, дәстүрімізге жат – Хэллоуин, Валентин күні секілді мейрамдарды тойлауға заңмен тиым салынбаған. Хэллоуин АҚШ-та Рождестводан кейінгі орында тұрған, халық жаппай тойлайтын мейрамдардың бірі болып саналады. Егер ұлтымызға мүлдем жат мейрам тез арада ауыздықталмаса, ғаламтор және шетелден оқып келген жастар арқылы әлі-ақ ұлттық мейрамымызға айналып кетуі ғажап емес. Сондықтан мұндай жат мейрамдарды тойлауға заңмен қатаң тыйым салынуы керек деп ойлаймын. Халқымыздың дәстүрлі мейрамдарын тойлауға ықылас білдірмейтін кейбір замандастарым осы күнді асыға күтіп жүрген болар?!. Өзге елдің қаңсығын таңсық еткенше өзіміздің мерекелерді тойлайық достар!

**Абай ҚАДЫР, 1-курс студенті**

# УАҚЫТ ТАПШЫ... САРЫ КҮЗ...

Біз қазақ ежелден-ақ байрағымызды әспеттеп, елтаңбамызды аялап, әнұранымызды шырқауын шегіне жеткізе шырқап, мынау ұланғайыр жерді алып жатқан алпауыт ұлы мемлекетпіз. Сонау бабамыз Сақ пен Ғұннан бастап ұранымыз «АЛАШ», керегеміз ағаш намысшыл халықпыз.

Бүгінгі күні егемен ел болып, өзгелермен тереземіз тең болған заманда, қазақ еліне алты құрлық бас шайқап таңдай қаққан заманда қолда барда алтынның қадірін білмей жүрген жоқпыз ба? – деп кейде күмәнданамын. Күмәннан күдік басымдау.

Тәуелсіздігімізге 25 жыл ширек ғасыр болды деп ел болып, бөркімізді аспанға ата қуанған, тойлаудамыз. Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай. Көк туды дәріптедік, қастерледік. Туға жанымызды айырбастауға дейін баратын ерлігіміз туралы жырладық.

Бүгінде әрбір мекемелерде аспанмен таласа желбіреп тұрған көк байрақты көріп рухтанасың, жігерленесің. Рухың асқақтайды. Өзіңнің қазақ екеніңе тағы да бір мақтанасың. Бірақ... кейбір салауатты орындарда ілулі тұрған байрақты көріп жаңағы асқақ рухың су сепкендей басылады. Жаның ауырады. Көңілің қалады. Арыға бармай-ақ өзіміздің рухани астанамыз Түркістан қаласындағы Қожа-Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің студенттерге және оқытушыларға арналған «титаник» асханасының алдында Түркия мемлекетінің туымен қатар бой көтеріп тұрған көк байрақтың жайы туралы айтайық. Бірден қарының ашып көңілің құлазиды, аласұрып арланасың... Мұнда тұрған қазақ елінің байрағы ескіріп көнерген. Төзімі таусылып мысы құрыған қараусыз жесір қария секілді... Түркия елінің туы өз реңін берер емес. Ал біздің тудың халі мынау. Расымен күз келіп байрағымыздың да түсі өзгерген ба? Әлде біздің университет қызметкерлерінің уақыты тапшы ма? Елдігінің беделімен намысын қорғаудан артық істерден қолы босамай жатыр ма? Уақыт тапшы... Сары күз...

**Нарқұлан РАЙХАН,**
**3-курс студенті**

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi Üniversitesi
ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ
Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

# AKSARAY'DA HOCA AHMET YESEVİ'Yİ ANMA PROGRAMI

Aksaray Müze Müdürlüğü tarafından Hoca Ahmet Yesevi'nin Ölümünün 850. Yıldönümü kapsamında Aksaray Atatürk Kültür Merkezinde "Hoca Ahmet Yesevi'yi Anma Programı " düzenlendi.

Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Necdet Tosun tarafından verilen «Hoca Ahmet Yesevi» konulu konferansın açılış konuşmasını Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız yaptı. Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesi ve UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi yılı etkinleri hakkında katılımcılara bilgi verdi.

Prof. Dr. Necdet Tosun konuşmasında, 2016 yılının Hoca Ahmet Yesevi yılı olarak UNESCO tarafından ilan edilmesinde Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın çok fazla gayret ve çabası olduğunun altını çizerek: "Hoca Ahmet Yesevi Hazretleri yaklaşık 9 asır önce yaşamış bir insan. Bugün vefatının 850. Yılında onu anıyoruz'' dedi.

Prof. Dr. Necdet Tosun'un konferansı, katılımcılara hediye takdimi ile sona erdi.




# MUSA YILDIZ 3 EKIM TÜRK DILI KONUŞAN ÜLKELER İŞBIRLIĞI GÜNÜ RESEPSIYONUNA KATILDI



**Türk Keneşi Genel Sekreteri Büyükelçi Ramil Hasanov, 3 Ekim -Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Günü münasebeti ve Türk Keneşi ve Birleşmiş Milletler Medeniyetler İttifakı ortaklığında 20-21 Ekim 2016 tarihlerinde İstanbul'da düzenlenen "Şiddete Varan Aşırıcılıkla Mücadelede Gençliğin Rolü" konulu uluslararası konferans vesilesiyle 19 Ekim 2016 tarihinde Çırağan Sarayı'nda bir resepsiyon verdi. Genel Sekreter Hasanov resepsiyona katılan davetlileri Genel Sekreter Yardımcıları Abzal Saparbekuly ve Dr. Ömer Kocaman ile birlikte karşıladı.**

Yoğun ilgi gösterilen Resepsiyona, BM Medeniyetler İttifakı Yüksek Temsilcisi Nassir AbdulazizAl-Nasser, Uluslararası Spor Güvenliği Merkezi Başkanı Mohammed Hanzab, BM Medeniyetler İttifakı Türkiye Komitesi Temilcisi Prof. Bekir Karlıağa, Marmara Grubu Stratejik ve Sosyal Araştırmalar Vakfı Başkanı Dr. Akkan Süver, Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı Çok Taraflı Siyasi İşler Genel Müdürü Büyükelçi Hasan Ulusoy, Azerbaycan Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı'nı temsilen Kaya Mammadov, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, TÜRKSOY Genel Sekreter Yardımcısı Prof. Dr. Fırat Purtaş'ın yanısıra çeşitli ülkelerin Ankara Büyükelçileri ile İstanbul Başkonsolosları, Uluslararası Örgütlerin temsilcileri, işadamları ve basın dünyasının temsilcileri katıldı.

BM Medeniyetler İttifakı Yüksek Temsilcisi Nassir AbdulazizAl-Nasser bir konuşma yaptı ve Türk Keneşi ile yakın işbirliği içinde çalışmaktan dolayı duydukları memnuniyeti ifade etti. Türk Keneşi için tarihi önem taşıyan bu gün vesilesiyle tebriklerini sunan Özel Temsilci Nassir AbdulazizAl-Nasser, Türk Keneşi'ne tüm faaliyet ve çalışmalarında başarılarının devamı temennisinde bulundu.

Yüksek Temsilcisi Nassir AbdulazizAl-Nasser'ın konuşmasının ardından, Genel Sekreter Hasanov da davetlilere hitap ederek, 3 Ekim-Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Günü" ve BM Medeniyetler İttifakı ile birlikte düzenlenen "Şiddete Varan Aşırıcılıkla Mücadelede Gençliğin Rolü" konulu uluslararası konferans vesilesiyle Resepsiyona iştirak eden konuklara icabetleri için teşekkür etti. Konuşmasında iki gün sürecek olan Konferansa değinen Genel Sekreter Hasanov, Konferansın "Gençlik ve Deradikalizasyon" konusundaki mevcut bilgi ve çalışmalara katkıda bulunacağına inandıklarını ifade etti. Gençlik ve Spor konusunun bu yıl düzenlenecek olan Türk Keneşi Devlet Başkanları 6. Zirvesinin de ana başlığı olduğunu belirten Genel Sekreter Hasanov, geçtiğimiz yıl boyunca bu başlık çerçevesinde Türk Keneşi tarafından yapılan çalışmalar ve gerçekleştirilen projeler hakkında konuklara bilgi aktardı.

Konuşmaların sonunda, Türk Dili Konuşan Ülkelerin sanatçılarından oluşan TÜRKSOY Halk Çalgıları Orkestrası bir konser verdi.

# AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI TÜRK KENEŞİNİ ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türk Keneşi (Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi) Genel Sekreteri Büyükelçi Ramil Hasanov ile Genel Sekreter Yardımcıları Dr. Ömer Kocaman ve Abzal Saparbekuly'i ziyaret etti. Ziyarette Prof. Dr. Musa Yıldız, UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi Yılı çerçevesinde yapılan etkinlikler ile ilgili bilgiler verdi ve ortak yapılabilecek projeleri değerlendirildi.

Ziyaret sonunda Prof. Dr. Musa Yıldız, Ramil Hasanov, Dr. Ömer Kocaman ve Abzal Saparbekuly'e UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevî Yılı anısına, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından yayımlanan ''Dîvân-ı Hikmet'' kitabını hediye etti.



# ANKARA'YA VEDA TÜRKİSTAN'A MERHABA

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı Burslu Araştırma Görevlileri Başkanı Yerlan Alashbayev doktora eğitimini tamamladı. Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından düzenlenen veda yemeğinde konuşan Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Burslu Araştırma Görevlilerinin Türkiye'de iyi bir eğitim aldıklarını ve Türkistan'da daha güzel başarılara imza atacaklarını, Başkanlık olarak her türlü desteği imkânlar dâhilinde vereceklerini belirtti.

Dr. Yerlan Alashbayev de katkılarından dolayı Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a teşekkür etti. Yemekte, Dr. Yerlan Alashbayev'in yerine Burslu Araştırma Görevlileri Başkanı olarak Mirzahan Baibolov görevlendirildi.

Dr. Yerlan Alashbayev Yesevi üniversitesinde Türk Dili ve Edebiyatı Bölümünde öğretim görevlisi olarak hizmete başlayacak. Türkiye'deki Yesevi Burslu Araştırma Görevlilerininde en kısa zamanda eğitimlerini başarıyla bitirerek aramıza gelmelerini diliyoruz.



# «TÜRK DİLİ VE MİLLİ DİL ÖZELLİKLERİ» SEMİNERİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi bünyesinde 1993 yılında kurulan Türkoloji Enstitüsüne 2016-2017 akademik yılı başında müdür olarak atanan Dr. Orhan Kılıçarslan tarafından organize edilen programlar çerçevesinde, Merkez Kütüphanenin birinci kat konferans ve toplantı salonunda Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi Türk Dili Bölümü Başkanı Dr. Ahmet Kıymaz tarafından «Türk Dili ve Milli Dil Özellikleri» adlı seminer verildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör'ün açış konuşmasıyla başlayan seminer programı yaklaşık iki saat sürdü. Türk dilinin çok geniş bir coğrafyada ve tarihin derinliklerinden bu yana gelmiş çok köklü ve güçlü bir dil olduğunu belirten Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör, Türk dilinin coğrafya ve halk adlarına göre isimlendirme noktasında hâlâ tartışmaların devam ettiğini ve üzerinde çalışılacak pek çok konunun olduğunu dile getirdi.

Ardından «Türk Dili ve Milli Dil Özellikleri» adlı seminerine başlayan Hazırlık Fakültesi Türk Dili Bölümü Başkanı Dr. Ahmet Kıymaz, Türk dilinin tarihi kökleri ve gelişim evreleri hakkında bilgiler aktardı. Türk Milletinin sosyal hiyerarşik yapısıyla ilgili malumatlar da veren Dr. Ahmet Kıymaz, millet adını devlet adı olarak alan Türk siyasi teşekkülleri ve dil özelliklerinden de bahsetti. Türk dilinin dayandığı tarihi derinlik, zenginlik ve büyüklüğü hakkında da bilgiler aktaran Dr. Ahmet Kıymaz, bir dilin milli dil olabilmesi için bulundurması gereken özelliklere de işaret etti. Bir dili zengin bir kelime haznesiyle birlikte kullanabilmenin her alanda gelişimin temellerini teşkil ettiğini de dile getiren Dr. Ahmet Kıymaz, seminerin son bölümünde sorulan sorulara verdiği cevaplarla programı tamamladı.

Seminerin ardından söz alan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış gerçekleştirilen seminer programı için Türkoloji Enstitüsü Müdürü Dr. Orhan Kılıçarslan ve Hazırlık Fakültesi Türk Dili Bölümü Başkanı Dr. Ahmet Kıymaz'a teşekkürlerini sundu. Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış teşekkür konuşmasının ardından Dr. Ahmet Kıymaz'a teşekkür belgesi takdim etti.

# "KAZAKİSTAN'DA GÜVENLİK PROBLEMLERİ İLE POTANSİYEL TEHDİTLER VE ZORLUKLARIN SINIFLANDIRILMASI" KONULU SEMİNER



**Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsünde, Suleimenov R.B. Şarkiyat Enstitüsü Ortadoğu Bölüm Başkanı Doç. Dr. Zaur Zhalilov "Kazakistan'da Güvenlik Problemleri ile Potansiyel Tehditler ve Zorlukların Sınıflandırılması" konulu seminer verdi.**

Doç. Dr. Zaur Zhalilov seminerinde ana hatlarıyla Kazakistan'da çeşitli konularda meydana gelmesi muhtemel güvenlik sorunları hakkında bilgiler sundu. Sovyetler Birliği'nin çökmesinin ardından bölgede bir güvenlik boşluğu olduğuna dikkat çeken Doç. Dr. Zhalilov 1990'lı ve 2000'li yıllarda Tacikistan, Özbekistan ve Kırgızistan'daki çeşitli olayları örnek gösterdi. Orta Asya bölgesinde hem akademik açıdan hem de uygulamalar açısından güvenlik sorunları hakkında kapsamlı olarak yeterli sayıda çalışmanın bulunmadığı ve genellikle çalışmaların terörizm ile ekstremizim üzerine yoğunlaştığını ifade etti. Bu açıdan bakıldığında hem teorik hem de metodolojik açıdan bölge ülkelerinin de çıkarlarını göz önüne alarak genel bir güvenlik anlayışının gelişmediğini belirtmekle beraber bunun sebepleri arasında konunun öneminin henüz kavranamamasının yer aldığını sözlerine ekledi.

Ana hatlarıyla Orta Asya ve Kazakistan'daki riskler arasında narkotik trafiği, organize suç şebekeler, terörizm, toplu göçler ve çevre kirliliği konularına değinerek çeşitli bilgiler sundu. Bunlara ek olarak bölgede ve uluslararası büyük güçler arasında silahlanma yarışının devam ettiğini belirterek güvenlik söz konusu olunca Kazakistan'ın bölgedeki sorunlara seyirci kalamayacağını ifade ederek tüm faktörlerin göz önüne alınması gerektiğini ifade etti. Bölgedeki su ve enerji konularındaki anlaşmazlıklara değinerek bu alanlardaki sorunların çözülemediği takdirde ülkeler arasındaki ilişkilerin gerginleşmesine yol açabileceğinin altını çizdi. Bölgedeki sorunlar kapsamında Özbekistan ve Kırgızistan arasındaki problemlere değinerek iki ülke arasındaki ilişkilerin bozulmasının bölgedeki güvenliği zedeleyebileceğini ifade etti. Bu konu üzerine yaptığı yorumlarda ise yaşanan sorunların sadece halk tabakasında kalmayarak her iki ülkedeki devlet kademeleri arasında da göründüğünü belirtti.

Potansiyel tehditlerin tanımlanması ve sınıflandırılması gerektiğini ifade eden Doç. Dr. Zhalilov potansiyel riskleri 4 ana grupta sınıflandırarak bu gruplar hakkında detaylı bilgiler sundu. Bunların arasında jeo-politik, jeo-ekonomik, enerji ve silahlanma konularının yer aldığını sözlerine ekledi. Jeo-politik başlığı adı altında sınır güvenliği ve ülkelerin toprak bütünlüğüne yönelik yapılabilecek etnik veya dini ayrılıkçı hareketler ve Kazakistan'ın uluslararası arenadaki barışçıl imajını zedeleyebilecek eylemleri potansiyel jeo-politik tehditler arasında gösterdi. Ekonomik alanda ise Kazakistan'ın ham madde üreticisi olarak kalmasını arzulayan bazı ülkelerin mevcut olduğunu ve Kazakistan'ın üretime dayalı gelişen bir ekonomiye sahip olmasını engellemeye çalışan politikaları bertaraf ederek ekonomik güvenliğini koruması gerektiği yönünde görüşlerini bildirdi. Enerji konusunda ise Kazakistan'ın zengin yer altı kaynaklarına sahip olduğunu ve Kazakistan'ın yer altı zenginliklerinin yoğun bölgelerde çeşitli sorunların çıkartılabileceğini belirtti. Extremist ve terörist örgütlerin fikirlerinin daha radikalleştiğine vurgu yaparak görünmeyen hücrelerin aktive edilebileceğini sözlerine ekledi. Doç. Dr. Zhalilov bahsetmiş olduğu güvenlik risklerinin potansiyel riskler olduğunu ve günümüzde bu riskler ile karşılaşmadığımızın altını çizerek sunumunu bitirdi.

Seminerin sonunda Avrasya Araştırma Enstitüsü müdürü Doç.Dr. Nevzat Şimşek, verdiği kapsamlı bilgiler için sayın Doç. Dr. Zhalilov'a teşekkür etti. Kullanılan terör örgütlerinin tehlikelerine dikkat çeken Doç. Dr. Şimşek bu kapsamda Türkiye ekseninde kukla olarak kullanılan dini extremizm eksenli DAEŞ'in, ayrılıkçı bir yapı olarak PKK/PYD'nin ve manipülatif amaçlarla kullanılan ve Türkiye ve dünyada devlet kurumlarına sızmış FETÖ'nün tehlikelerine vurgu yaptı. Katılımcılar da Kazakistan ve Orta Asya bölgesi hakkında çeşitli güvenlik sorunları üzerine görüş alışverişinde bulundular.



# ABDÜLMECİT İSLAMOĞLU AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından hazırlanan program çerçevesinde 10-21 Ekim 2016 tarihleri arasında Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türkistan merkez yerleşkesinde yer alan İlahiyat Fakültesinde bulunan Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi, Türk-İslam Edebiyatı Anabilim Dalı öğretim üyesi Doç. Dr. Abdülmecit İslamoğlu, gerçekleştirmiş olduğu çalışmaların ardından yurda dönüş hazırlıklarına başladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi İlahiyat Fakültesi'nde, Pîr-i Türkistan Hoca Ahmed Yesevi Hazretleri başta olmak üzere Yûnus Emre ve Fuzûlî gibi Türk Dünyasının ortak değerleri olarak zirveleşen şahsiyetlerin hayatları, sanatları ve eserleri üzerinde dersler, paneller ve seminerler veren Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi, Türk-İslam Edebiyatı Anabilim Dalı öğretim üyesi Doç. Dr. Abdülmecit İslamoğlu, bu çalışmalarıyla öğrencilerin; dini, tarihi ve kültürel açıdan referans kaynakları olan değerlerine daha iyi vâkıf olmak ve Türk-İslam kimliğini oluşturan, bizi biz yapan kıymetleri asli unsurlarından öğrenerek bu konular üzerinde fikir üretiminde bulunmalarını sağlamayı amaçlamıştır.

Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Türk-İslam Edebiyatı Anabilim Dalı Başkanı Doç. Dr. Abdülmecit İslamoğlu, Ahmet Yesevi Üniversitesinde bulunduğu zaman zarfı içerisinde gerçekleştirmiş olduğu çalışmaların yanı sıra «Dîvân Şairlerinde Hz. Peygamber Sevgisi» ile «Hoca Ahmed Yesevi ve Mefkûresi» adlı iki de konferans verdi.

# DİVAN-I HİKMET SOHBETLERİNE MUSTAFA TATÇI KONUK OLDU

Ahmet Yesevi Üniversitesinin UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi yılı anısına düzenlediği «Divan-ı Hikmet Sohbetlerinin'' altıncısı Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı'nın katılımı ile yapıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi, UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi yılı olması nedeniyle her ay Divan-ı Hikmet Sohbetleri gerçekleştiriyor. Türk İşbirliği ve Koordinasyon Ajansı (TİKA) Konferans Salonunda altıncısı düzenlenen sohbete Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı konuşmacı olarak katıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız yaptığı açılış konuşmasında, Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi yılı olarak pek çok faaliyeti gerçekleştirdiklerini belirtti. Prof. Dr. Musa Yıldız, katılımcıları 15 Kasım 2016 tarihinde Uludağ Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Bilal Kemikli'nin konuşmacı olarak katılacağı Divan-ı Hikmet sohbetlerinin yedincisine davet etti.

Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı yaptığı konuşmada, Pir-i Türkistan Ahmet Yesevi Hazretlerinin hatırasını yaşatmak amacıyla ilan edilen UNESCO 2016 Ahmet Yesevi yılı vesilesiyle Ahmet Yesevi Üniversitesinin düzenlediği programda konuşmacı olarak bulunmanın kendisini mutlu ettiğini belirterek, Pir-i Türkistan'ın aziz hatırasını hürmetle, minnetle yad ettiğini ifade etti. Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı, Türk Dünyasında İslam'ın yayılmasına vesile olan, Türklüğün İslam'ı kavrayış tarzının Türkistan ve Anadolu coğrafyasında yayılmasını sağlayan Ahmet Yesevi'nin hayatı ve yaşam felsefesi hakkında bilgi verdi. Ankara Fatma Yaşar Önen Mesleki ve Teknik Anadolu Lisesi öğrencilerinin de ilgiyle dinlediği Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı, çağımızın yeni Yesevi'lere ihtiyacı olduğunun altını çizdi.

Divan-ı Hikmet Sohbetlerinin altıncısının konuğu olan Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatçı, program sonunda katılımcıların sorularını yanıtladı. Danıştay Başsavcısı Halil Yılmaz ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız tarafından kendisine plaket takdim edildi.

# AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE «ARAP BAHARININ 5. YILI: SÖNMEYEN ATEŞ VE GELMEYEN BAHAR» KONFERANSI

Ahmet Yesevi Üniversitesinde 2016-2017 akademik yılında başlatılan «Bir Konu, Bir Konuşmacı» programının bu haftaki konuşmacısı Sosyal Bilimler Fakültesi, Uluslararası İlişkiler Bölümü Başkanı Yrd. Doç. Dr. Eftal Şükrü Batmaz oldu.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ile Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren'in yanı sıra çok sayıda akademik ve idari personelin de katıldığı «Arap Baharının 5. Yılı: Sönmeyen Ateş ve Gelmeyen Bahar» adlı konferans programı, Turan Restoranda gerçekleştirildi.

Genellikle Türk ve Batı medyasında «Arap Baharı», Arap coğrafyasında ise «Devrim» ya da «Arap Ayaklanmaları» şeklinde nitelendirilen ve Tunus'ta seyyar satıcılık yapan üniversite mezunu Muhammed Buazizi'nin pazar tezgahına el konulması ile maruz kaldığı kötü muamele neticesinde protesto amacıyla kendisini yakmasıyla başlayan olayların sosyal, kültürel, ekonomik ve siyasi tepkimelerinin ele alındığı konferans programı yaklaşık iki saat sürdü.

Arap Baharının amaçları arasında yer almayan fakat sonuçları arasında yer alan mülteci sorunu, kitlesel katliamlar ve bölgesel güvenlik sorunları gibi konuları ele alan Uluslararası İlişkiler Bölümü Başkanı Yrd. Doç. Dr. Eftal Şükrü Batmaz, bölgenin sosyolojik ve ekonomik yapısı hakkında da istatistiki bilgiler aktardı.

Oldukça kanlı cereyan eden ve rejimlerin yıkılmasına sebebiyet veren sosyolojik olayların tarihi oluşumuna ve çıkış noktasına ışık tutan Uluslararası İlişkiler Bölümü Başkanı Yrd. Doç. Dr. Eftal Şükrü Batmaz, Orta Doğu nezdinde Dünyanın da geleceğine dair paylaştığı fikirleriyle konuya çok farklı bakış açıları sundu.

Yaşanılan olaylara etki eden iç dinamiklerle beraber yabancı servislerin de rolünün tartışıldığı konferans programı; Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Mehmet Toplu ve İlahiyat Fakültesi İlahiyat Bölümü Başkanı Prof. Dr. İdris Şengül'ün sunduğu katkılarla sona erdi.

Konferans programının ardından Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren tarafından, Ahmet Yesevi Üniversitesinde ders ve konferans vermek için bulunan Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Türk-İslam Edebiyatı Anabilim Dalı öğretim üyesi Doç. Dr. Abdülmecit İslamoğlu'na teşekkür belgesi takdim edildi.



# 29 EKİM CUMHURİYET BAYRAMI

**«Nobel ödülümü Anıtkabir'e bağışladım çünkü Atatürk'e ve onun kurduğu Cumhuriyet'e minnet borcum var. Onun sayesinde Nobel'i aldım.»**

Bu sözler Edebiyat alanında Nobel ödülü alan ilk Türk Orhan Pamuk'tan sonra 2015 yılında Nobel kimya ödülüne 'DNA tamiri' ve 'hücre döngüsü kontrol noktası' konularında yaptığı çalışmalarından ötürü layık görülen bilim adamı Aziz Sancar'a ait. Mustafa Kemal Atatürk önderliğinde verilen Kurtuluş Savaşı sonrası elde edilen başarı « ...toplumu ümmetten ulus, bireyi kuldan yurttaş konumuna yükselten bir Aydınlanma Devrimi'dir. 29 Ekim, bir doğuşun, bir devrimin, kısacası bir mucizenin yıldönümüdür.» Şemsiye kavramı ise CUMHURİYET'tir.

Bu yıl işte bu yüce kavramla tanıştırıldığımız Cumhuriyetimizin 93. yıldönümünü kutluyoruz. Bu kutlamayı daha da anlamlı kılan Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi Hazretlerinin Hikmetleriyle taçlandırdığı Kazakistan'da öğretim amacıyla hizmet veriyor olmamızdır.

Yüce Önder, "Yaptığımız ve yapmakta olduğumuz devrimin amacı, Türkiye Cumhuriyeti halkını tamamen çağdaş ve bütün anlam ve biçimi ile uygar bir toplum haline ulaştırmaktır. Devrimimizin temel ilkesi budur" ** sözüyle, Türk Devrimi'nin çerçevesini ortaya koymuştur.

İşte bu kazanımların sonucudur ki Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak Türk Üniversitesi çağdaş dünyada yerini almak için hızlı adımlarla yükselmesine devam etmektedir. Genelde Orta Asya'da özelde ise Türkistan'da bulunmamız gereğini yıllar önce öngören Atamız «Köklerimize inmeli ve olayların böldüğü tarihimiz içinde bütünleşmeliyiz. Onların bize yaklaşmasını beklememeliyiz. Bizim onlara yaklaşmamız gerekir» *** diyerek tarihimizin Kazak Türk halkına yüklediği sorumluluğu en güzel bir şekilde ifade etmiştir.

Cumhuriyetin ülkemiz için ne alma geldiğini anlamanın en iyi göstergelerinden birisi kadınlara tanınan hakların neler olduğunun bilinmesinde yatmaktadır. Örneğin kadınlara seçme ve seçilme hakkı Türkiye'de 1934 yılında tanınırken bu hak Fransa'da 19944 de, Çin'de 1947 de ve İsviçre'de ise 1971 yılında gerçekleşmiştir.

Mustafa Kemal Atatürk önderliğinde kazanılan Milli Mücadele ile tarihte eşine çok az rastlanan bu başarı sayesinde yaşanılan tüm zorluk ve sıkıntılara karşın inanç ve kararlılık örneği olarak kazanılan bu zafer, milletimize kayıtsız şartsız egemenliği sağlayan Cumhuriyet rejimini armağan etmiştir.

Milletimizin Cumhuriyet Bayramı kutlu olsun.

**Aii EVLER**

# СОҢҒЫ БЕТ

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығы» төменде көрсетілген кестеге сай штаттық бос орындарға конкурс жариялайды. Түйіндемелер 2016 жылдың 4-ші қарашасына дейін сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

| Мамандық атауы | Алынатын маман саны | Штаттық мөлшері |
|---|---|---|
| Кезекші дәрігер невролог | 2 | 0,25 шт. мөлшерден 2 адам |
| Дәрігер физиотерапевт | 1 | 0,25 |
| Дәрігер логопед | 1 | 0,25 |
| Дәрігер рефлексотерапевт | 1 | 0,25 |
| Дәрігер кардиолог-консультант | 1 | 0,25 |
| Дәрігер анестезиолог-реаниматолог | 1 | 1,00 |
| Балалар невропатологы | 1 | 0,50 |
| Онколог-маммолог дәрігер | 1 | 0,50 |
| Мейірбике | 9 | 0,75 |
| Санитар | 5 | 1,00 |
| Лаборант | 1 | 0,50 (негізгі қызметкер орны) |

2016 жылдың 8-ші карашасы күні әңгімелесу өткізіліп, клиника-диагностикалық орталығының қызметке қабылдау комиссиясының шешімімен талаптарға сәйкес келген азаматтар жұмысқа қабылданады.

Сұрақтарыңыз болса 8 (72533) 6-36-63 сымтетігі арқылы хабарласуға болады.

Мекен-жайымыз: Б.Саттарханов даңғылы, ХҚТУ Клиника-диагностикалық орталығы

## ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

**Қазіргі заманда жасымыз да кәріміз де бір дүниеге тәуелдіміз. Ол - ұялы телефон. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін телефонның қыр-сырын жетік меңгеріп алған, оның ішіндегі алтын уақытымызды ұрлайтын әр түрлі әлеуметтік сайттардың да жілігін шағып, майын ішеді.**

Үлкен жиындар, басқосулар болсын барлығында дерлік адамдар бір- бірімен құшақтасып құдды бір енді көріспейтіндей болып фотаға түсіп жатады.Жарайды бір түстіңіз, екі түстіңіз фотаға соның өзі жетеді ғой, жоқ олай жасамайды ана тамаша кеш өз мәресіне жеткенше сол телефонға телміретінін қайтерсіз. Бұны былай қойып, қоғамдық көліктерге көшейін. Көліктің ішінде отырғанның өзінде айналаға зейін салып жылы жүзді иманды жұртпен тілдесіп жолың болсын деудің орнына орындыққа отырып алып сым темірге байланамыз келіп, телефонның ішінен бірдеңе шығардай бас алмай қараймыз тегі. Саусақтарымыз жылдамдатып бірдеңелер жазып жатады әйтеуір. Таңертең ұйқыдан ояна сала ең бірінші жаңындарымыздың жағдайын сұраудың орнына өзіңмен бірге ұйқтайтын, жастығыңның астында жатқан телефонға бірінші назар саламыз. Ұялы телефон жастың да кәрінің де асқынған ауруына айналуда. Мұнымен қоймай анау-мынау телефонды менсінбейміз де. Телефондарымыздың қымбат бағасымен бір-бірімізбен жарысып жатамыз. Сенікі қымбат менікі арзан деп. Барлығымыз бұл дүниеде жақсылық жасап соның сауабын жинап жатқандаймыз келіп. Бірақ олай емес сауаптың орнына күнә жинап жатырмыз. Ғалымдардың пайымдауы бойынша ұялы телефонды көп қолдануға болмайды. Себебі телефондар көздің көруін нашарлатады. Сонымен қоса соткаңызды өзіңізден алысырақ ұстағаныңыз жөн. Өйткені бұл сым темір адамның миына кері әсерін тигізеді. Тағы бір үлкен қауіп жастарымыз осы телефонның арқасында ауырдың астымен жеңілдің үстімен жүретін тым жалқау болып бара жатырғандығы. Керек дүниелерін кітапханалардың есігін тоздырып іздемей керсінше әлеуметтік желілерден ала салады. Бұл дегеніміз дайын асқа тік қасық деген сөз. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырымыздың тең жартысын телефонға арнап жатырмыз. Күніміз де түніміз де телефонсыз атпайтын халге жеттік. Әрине бұл дегеніміз үлкен нәубеттің бірі болар сірә. 3-4 жастағы балалардың өзі қазақтың ертегі кейіпкерлерін жіпке тізген моншақтай қылып айтып бермесе де, телефон құрлысын оның ішіндегі бағдарламаларынан хабары бар. Өткен замандағы ертегілер «Керқұла атты Кендебай», «Шық бермес Шығайбай», «Күн астындағы Күнекей қызды» жаттап өспесе де керегі жоқ шет елдің әуенін тыңдап өскен жас ұрпақтан қандай үміт күтеміз. Ертегісіз өскен бала ереңгі күні рухани мүгедек болмай ма. Толқымалы тоқсан сырлы кезеңді бастан кешірген қазақ халқының ұрпағы бұлай болуға тиісті емес. Телефонсыз бір минут та өмір сүре алмайтын достарым-ай. Әлеуметтік желіде сағаттап уақытыңызды өткізгенше неге жақсы іске ұмтылмасқа, неге тым құрығанда бір сағатымызды Алла үйіне бас сұғуға арнамасқа. – Иә білемін уақыт жетпейді дейсіз.Сіз телефонға ғашық адамдай таңнан қара кешке дейін бас алмасаңыз сізде қайдан уақыт болсын. Уақыт ол-ағын судай өтеді де кетеді. Ал сіз осы алтын уақытыңызды құр босқа өткізгендігіңізде шаруаңыз жоқ. Орыстың ең көрнекті жазушысы Лев Толстой талай тамаша кітапты дүниеге әкелген ұлы жазушы болса да сексеннен асқан шағында «Жалқаумын, түк бітіре алмадым», - деп өкінген екен. Сондықтан да ғұмырымызды мәнді де сәнді өткізгіміз келсе көп уақытымызды телефонға емес айналамыздағы игі жақсыларға арнайық.Барлық екі аяқты саналы пенде бұл өмірге келген соң кету үшін жаралған.Сол себептен зияны көп сым темірге бола ғұмырымызды зая кетірмейік. Жанымызда жүр жақсы адам. Сол жақсы жандарды бағалай білсек нұр ұстіне нұр болар еді. Ұялы телефонсыз атқызған тамаша, адал таңдарым менің-деп еске алатын сәтке жеткізгей. Лайым солай болғай...

**Венера ОЙЫЛХАНОВА,**
**1-курс студенті.**

## Қайта оралшы, балалық шағым...

Шыны керек, ұстазым тақтаға екі тақырып жазғанда, соның бірі еліктіре бастады. . Айналамдағы тіршілікке қарап отырып, көз жанарыма ыстық жас келді. Осы күнге дейін не істедім, не қылдым, не жақсылықтар жасай алмадым, не жамандықтар жасадым, нелерге жеттім, нелерден қалдым, барлығы көз алдымнан зыр етіп өте шықты. Түсініксіз тұман арасында тұмшаланған көз жасым жүрек түкпірімдегі



жасырынып жатқан сезімімді қағаз бетіне түсіре бастады. Бұл дүниеге адам болып келгеннен кейін, адам болып кету керек. Бұл менің өмірдегі басты қағидам. Үлкен отбасында өстім. Аллаға шүкір, көйлегім көк, қарным тоқ, сая болар анам, қорыққанда қорғаным болар әкем, бауырларым, туыстарым бар. Арманымдаған оқуға да түстім. Есейген сайын қуанамын. Жасыма жас қосқан сайын ойлайтынмын, мен де ата-анамды баға алатындай, бауырларымды, елімді қорғай алатындай жасқа таяп келемін дейтінмін. Және көпшілік адамдардың балалық шағын неге аңсайтынын түсінбейтінмін. Сөйтсем, бәрі мен ойлағандай емес екен. Әлем басқаша.

Анам мені үнемі әйел затының ер адамнан бір саты төмен тұратынын құлағыма құйып, ер адамды сыйлай білуге баулыды. Кішкентаймын ғой, жылтыраққа құмар кезім, достарыма қарап, жаңа батыс стилінде киінгім келетін. Қысқа белдемше, кіндіктен жоғары кеудешелер де кигім келген, бірақ анамның ақылы мені қарапайым киінуге үйретті. Уақыт өте келе неге анамның маған қазіргі жыртық шалбарды, қысқа көйлектерді кигізбегенін, кигізбейтінін түсіндім және анамның солай тәрбиелегеніне алғыс айтамын.

Адамдар неге балалық шағын қайтарғысы келеді, білесіз бе? Ол мына күнделікті күйбеңнен, қаптаған қиындықтан емес! Өйткені, адамдар есейген сайын тек жақсылықты емес, жамандықты да ойлайды екен. Тек ойлап қана қоймай, жасайды екен. Неге? Азғындық жайлады ғаламды! Сақалын ақ шалған ақсақалдар алақанын жайып, ақ бата берудің орнына, немересіндей періште қыздың қанатын, сол алақанымен қырықты. Айуандық ауруы неге көбейіп кетті?! Күннің бірінші жаңалығы болып тұр-педофилизм. Батысқа еліккен әпке, сіңілілерім, құрбыларым бүтін киінудің орнына, ит талағандай киінуді сәнге айналдырды. Ол аздай мойындарына шынжыр сияқты темір-терсектерді, бастарына мысық мүйізді қадап алуды әдемілік, ерекшелік санайды. Қазір кімнің қыз, кімнің еркек екенін айыру қиын боп кетті. Оған себеп еркек пошымды қыз, қыз пошымды еркектер де бар. Шыны керек, бұның бәрін өз елімде көріп жүрмін. Қалай өзгерте аламын бәрін деп жүргенімде, басқа-басқа бұл да бізге жетеді деп ойламадым. Алматыда қызтеке қазақ жігіттің, жігіті(сүйіктісі ер бала)бар екенін естігенде, және олардың бір-біріне үйленбекші екенін білгенімде, кезінде ата-анам айтқан «қазір боп жатыр ақырзаман»-дегенін түсінгендей болдым. Бұл ақырзаман емей немене?! Өтіріктің тәтті болғаны соншалық, шындықты айтқанды жазғырып, оған мүлде сенбейтін болдық.

Мен ақырзаман дегенде көз алдыма құлаған ғимараттар, қап-қара дауыл, тасыған өзендер, құйындар, алаулаған жалындарды, жан – жаққа бас сауғалап қашып бара жатқан адамдар елестейтін. Ойыма түссе зәре – құтым қалмайтын. Сәби көңілім, шын мәнінде ақырзаманның мұндай болтынын ойлады ма?! Жоқ! Әрине, ешбір адам баласы бұлай әлемнің өзгерерін білмеді ғой, ойында да болмаған. Өйткені оның бәрін істеген біз, өзіміз - адамзат.

**Баян ӘБІЛҚАЙЫРҚЫЗЫ,**
**1-курс студенті**

## ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Жуырда филология факультетінің студенттері мен қызметкерлеріне салауатты өмір салтын насихаттау, аталмыш аурудан сақтану жайында лекция оқыдық. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бердік. Туберкулез - адам ағзасына туберкулез таяқшалары, яғни кох таяқшаларының енуінен пайда болатын инфекциялық жұқпалы ауру.**

Туберкулезге тыныс ағзасы - өкпе жиі шалдығады. Сондай-ақ сирек те болса туберкулезге ми, ми қабықшасы, өкпе, сүйек буын, лимфа бездері, бүйрек, жыныс ағзалары, көз, ішек және басқа да ағзалар мен мүшелер шалдығады.

Туберкулез қалай жұғады: Туберкулез таяқшалары ауа арқылы тарап, ауру адамнан сау адамға жұғады. Жұқтырып алған адамның өкпесінде туберкулез таяқшалары өсіп, жетіліп көбейеді. Алғашқыда өкпе тіні қабынып,содан кейін бүлініп ыдырайды да орнында қуыстар пайда болады. Осындай қуыстарда сақталған миллиондаған туберкулез таяқшалары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде қоршаған ортаға шашырап тарайды. Туберкулез таяқшасы ауада бірнеше сағат бойы жерге түспей,қалықтап тұра береді.Егер туберкулездің ашық (жұқпалы) түрімен ауыратын адам ұзақ уақыт нашар желденетін орында (пәтер,жұмыс орны, ауруахана, абақты, жатақхана, көлік) болса,сол жердің ауасына туберкулез таяқшалары соншама көп тарап,басқа да адамдардың тыныс ағзасына түседі.Туберкулез негізінде осындай жолмен жұғады.Мұны ауа арқылы жұғу дейді.

Туберкулез кез-келген адамға жұғуы мүмкін. Әсіресе балалар мен егде жастағылар үшін өте қауіпті.Ал егер туберкулезбен ауыратын адаммен жақын қарым-қатынаста жиі,әрі ұзақ уақыт болса,туберкулез жұқтырып алу қаупі арта түседі. Туберкулез жұқтырған адамдардың 90-95% бұл аурумен ешқашан ауырмайды.Ал қалған 5-10% өкпе тінінде туберкулез таяқшалары өз уақытын күтіп тынығып жатады.Қалай адам әлсіреп,түрлі себептермен ағзаның қорғаныш күші азая бастаса,туберкулез таяқшалары белсенділік танытып,аталмыш аурудың қозуына себепші болады.

Туберкулез ауруы қалай дамиды. Бүгінде туберкулезбен ауырғандардың 50% кешігіп анықталуда,ал олардың 10% ауруын өте асқындырып алғандар кездеседі. Өкпе тіні-туберкулез таяқшаларының өсіп жетілуіне ең қолайлы орта.Бірақ,оның жылдам басталатын жедел түрі де болады.Туберкулезді дер кезінде анықтап,дұрыс емделсе,ауруды бастапқы кезде тоқтатуға,өкпені және басқа да ағзаларды үлкен көлемде қабынып бүлінуден сақтап қалуға болады.

Туберкулездің алғашқы белгілері:
-2 аптадан астам жөтелу;
-әсіресе түнгі мезгілдегі тершеңдік;
-дене қызуының жоғарлауына;
-дене салмағының төмендеуі;
-тәбетінің болмауына-жалпы қалтырау, әлсіздік;
-кеуденің шаншуы;

Туберкулездің алдын-алу:
1.Біріншіден жылына 1-рет рентген флюрографиялық тексеруден міндетті түрде өтуі қажет.
2.Салауатты тамақтанып және спортпен шұғылданып, иммуниттеті нығайту.
3.Жатақхана бөлмелерін, аудиторияларды үнемі желдету,дез ерітінділермен күнделікті жуып қадағалау керек. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демей ме халқымыз. Сондықтан да тазалық сақтап, денсаулығымызды нығайтуға ат салысайық.

**Ж.АҚБЕРДИЕВА,**
**ХҚТУ-нің «АИ» дәрігерлік амбулаториясының дәрігер терапевті.**

**К.КЕРІМБЕКОВА,**
**жоғарғы дәрежелі мейірбике, дезинфектор.**

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер:
Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Нақып ШЫНТЕМІРОВ
Беттеуші: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Авторлардың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
Эл.пошта: a.yassaui@mail.ru

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.
Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй
Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Таралу аумағы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ